

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ
БАСҚАРМАСЫ



ТАНЫМ ТҰҒЫРЫ

(«Тахауи ақидасына» түсініктемелер негізінде)

Алматы 2014

УДК 28
ББК 86.38
М 17

Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының
сараптау комиссиясы мақұлдаған

Малғажыұлы Ержан қажы

М 17 Таным тұғыры - Алматы, 2014 - 96 бет

ISBN 978-601-211-018-0

«Тахауи ақидасы» сүннет жолын ұстанған үмбеттің санасында тасқа басылғандай таңбаланған таным тұғырларын талдап, тұғырлап берген бірегей дүние. Қаншама ғасырлар өтсе де алға қарай ұласуынан жаңылмайтын ұстынды ұстанымдар қазіргі ұрпаққа алдыңғы толқыннан жеткен аманат. Пайғамбарлардан қалған өсиеттердің өзектері. Ендеше намаздың алдында тұратын иман парызының негіздерін нығырлап, мұсылманның ғұмырлық кредосын нақтылап беретін еңбектің игілігін исі мүміннің бәрі көрсе игі, сол арқылы ұмытылған құндылықтарын құнттап, ұлықтай білсе игі. Сонда ғана санада сарсыған талай сауалдардың, шайтанның шатастыруынан шыққан шүбә-шәктердің шешімі оңай табылары хақ.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-211-018-0

© Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы, 2014

КІРІСПЕ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ وَصَلَّى اللَّهُ عَلَى أَشْرَفِ الْمُرْسَلِينَ وَسَيِّدِ الْخَلْقِ أَجْمَعِينَ
مُحَمَّدٍ عَبْدِ اللَّهِ وَرَسُولِهِ الْهَادِي الْأَمِينِ وَعَلَى آلِهِ وَصَحْبِهِ وَتَابِعِيهِمْ بِإِحْسَانٍ إِلَى
يَوْمِ الدِّينِ

Аса мейірімді, Мейірбан Алланың атымен. Күллі мадақ әлемдердің Раббысы Аллаға тән! Алланың салауаты мен сәлемі елші-пайғамбарлардың ең ардақтысы, күллі жаратылыстың мырзасы, Алланың құлы әрі елшісі, сенімді жолбасшы Мұхаммедке, оның әулетіне, сахабаларына және солардың ізіне Қиямет күніне дейін көркем түрде ергендерге болғай!

Қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан діні – Ислам, шариғаттағы амал мазһабы – ұлы имам Әбу Ханифаның мазһабы. Ал діни дүниетанымдық ұстанымы Исламның негізгі қайнар бұлақтары – Құран мен Пайғамбардың (с.а.с) Сүннетіне негізделген Сүннет және жамағат жұрты, оның ішінде Әбу Мансұр әл-Матуридидің мектебі болып табылады. Жалпы мұсылман үмбетінің басым көпшілігін құрайтын Сүннет және жамағат жұрты ақида мәселелерінде екі мазһабтың, Матуриди және әл-Ашғари мазһабтарының бірі тұтынады бірін ұстанады. Оның ішінде төл мазһабымыз Әбу Ханифа мазһабының ізбасарлары Матуридидің танымдық мектебіне қарайтын болса, қалған үш

фиқһ мазһабтары ақидалық мәселелерде Ашғари мазһабына жүгінеді. Атақты ғұлама имам әс-Субуки өзінің «Муьид ән-ниъам уа мубид ән-ниқам» кітабында былай дейді: «*Осы аталған ханафи, шафиғи, мәлики, ханбали мазһабтары, әлхамдулилләһ, ақида мәселелерінде барлығы Сүннет және жамағат жұртының пікірін ұстанады, Сүннет шейхы Әбул-Хасан Ашғаридің жолымен жүреді*». Бұл жерде имам әс-Субуки Ашғаридің танымдық мазһабы мен Матуридидің танымдық мазһабында айтарлықтай айырма жоқтығын меңзеп тұр.


Әбу Ханифа мазһабын іс-амал, шарифат мәселелерінде басшылыққа алған қалың бұқара, оның ішінде түркі халықтары ақидалық мәселелерде Матуриди мазһабын танымдық тұғыр, діни доктрина етіп ұстанды. Солардың арасында қазақ халқының да ұлттық бет-бейнесі, ділі мен тілі осы идеологиялық мектептің негізінде қалыптасты. Оған айғақ боларлық айшықты дәлелдер жетіп-артылады. Мысалы, ұлы ойшыл Абайдың шығармаларында осы танымдық ұстанымның іздері сайрап жатыр. Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіптің, Ыбырай Алтынсариннің еңбектерінде де солай.

Ендеше біз, кейінгі ұрпақ, сан ғасырлардан бері санамызға сіңісті болып, ұлттық болмысымызбен біте қайнасып, діліміздің ажырамас арқауына айналған осы таптаурын танымдық тұғырымыздан айнымауымыз қажет. Тосыннан келген килікпе, кірме ойлардан абай болғанымыз жөн. Өйткені біз өзімізге тән діни дәстүріміз бен ұлттық салт-санамыз бар толыққанды ұлтпыз. Ал сол сенімге селкеу түсіруге тырысатын сырттан таңылған теріс түсініктер мен

іріткі идеологиялар халқымыздың санасын улап, ұлттық болмысымыздан біржола айыруды көздейді.

Қолыңыздағы «Тахауи ақидасы» кітабы әһлус-сүнна уал-жамаға жұртының, яғни мұсылман үмбетінің басым көпшілігін құрайтын Ашғари және Матуриди танымдық мазһабтарын ұстанатын қалың бұқараның танымдық тұғырларын қысқаша түрде тұжырымдап берген еңбек. Һәм осы еңбек арқылы әмбе қазақ елі де ата-бабадан мирас болып келе жатқан ұлттық ділінің негізі болып табылатын танымдық қазықтарымен қайта қауышады деген сенімдеміз.

Автордан



ТАХАУИ ТУРАЛЫ

Имам Ахмет ибн Мұхаммед ибн Сәлама Әбу Жағыфар ат-Тахауи әл-Азди әл-Ханафи әл-Мисри атағы шартарапқа жайылған мәшһүр ғұлама. Дереккөздерге жүгінсек, мұсылман жыл санауының 230-шы жылдары, христиан жыл санауымен 850-ші жылдары дүниеге келген. Туған жері Мысыр елінің Таха деген елдімекені. Осыған орай ат-Тахауи деген қатыстық есімге ие болған. Һәм Мысырда һижри 321 жылы, миләди 933 жылы дүниеден өткен.

Ол білімді зиялы қауымның ортасынан шыққан. Сүт анасы өз заманындағы мәшһүр хадисшілердің бірі Әбу Мұса әл-Мысридің жұбайы. Ал Әбу Мұса хадис ілімінің имамдары Әбу Дәуіт пен ән-Нәсәидің шәкірті болып келеді. Тахауидің анасы да имам Шафиғиден білім алған ғалым кісі. Ал анасының бауыры, яғни нағашысы Әбу Ибраһим әл-Музәни шарифат білгірі, имам Шафиғидің үздік шәкірттерінің бірі еді.

Осындай оқымысты ортада дүниеге келген Тахауи да жастайынан білім нәрімен сусындап, аса алғырлығымен көзге түсті, ғылымның түрлі салаларына түрен салды.

Бала кезінен Құранды жаттап, жақындарынан дәріс алды. Әсіресе, фикһ, хадис ілімдеріне терең бойлап, өсе келе өз заманының ғұламасына айналды. Әбу Исхақ Ширази имам Тахауидің Мысырдағы ханафи мазһабының жетекші имамы болғандығын жазады.

Өскен ортасына қарай шафиғи мазһабын ұстанған имам Тахауи нағашы ағасы әрі ұстазы әл-Музәниден дәріс алды. Шәкіртінің Әбу Ханифаның еңбектеріне көбірек үңілетінін көрген ұстазы: «Уаллаһи, сенен

ештеңе шықпас», – дейді. Осыны көңіліне алған Тахауи ханафи мазһабына біржола ден қойып, Мысырдағы осы мазһабтың ғалымы Ахмет ибн Әбу Имраннан дәріс тыңдайды. Уақыт өте келе ханафи мазһабының бетке ұстар тұлғасына айналған Тахауи: «Алла нағашымды рахым еткей! Егер қазір тірі болғанда айтқан сөзін қайтып алар ма еді?» – деген екен.

Тахауи фикһ, хадис, ақида тақырыптарында талай шығармалар жазған. Ол еңбектерінде бұрынғыны жаңартып, түйінді мәселелерді тарқатып берді. Мәшһүр ғұламаның негізгі кітаптары мыналар:

1. Шарх Мағани әл-Әсәр
2. Мушкил әл-Әсәр
3. Ахкамул-Қуран
4. Ихтиләфул-Уләмә
5. Ән-Нәуәдир әл-Фикһия
6. Китаб аш-Шурут әл-Кәбир
7. Аш-Шурут әл-Аусат
8. Шарх әл-Жәмиғ ас-Сағир
9. Шарх әл-Жәми әл-Кәбир
10. Әл-Мухтасар
11. Манақиб Әби Ханифа
12. Тарих әл-Кәбир
13. Ар-Радд алә Китабил-Мудаллисин
14. Хукм аради Мәккә

«ТАХАУИ АҚИДАСЫ» КІТАБЫ ТУРАЛЫ

Имам Тахауи Әбу Ханифадан кейін өмір сүрген. Ол хадис ілімінің алты имамымен және Сүннет және жамағат жұртының жетекші имамы имам Матуридимен бір заманда ғұмыр кешкен. Ол Әбу Ханифа мазһабының діни-танымдық доктринасы болып табылатын осы Матуриди мазһабының іргетасын бірге қаласқан десе де болады. Өйткені Тахауи өз еңбегінің басында ескерткендей, бұл ақидалық қағидалар жиынтығы Әбу Ханифа мен оның шәкірттерінің діни-танымдық тұғырнамасы болып табылады. Соның негізінде жазылған еңбек. Ал имам Матуриди болса, осы имани ұстанымдардың негізінде Әбу Ханифа мазһабының біртұтас танымдық доктринасын толыққанды түзіп шыққан.

Имам Тахауидің бұл кітабының алғашқы атауы «Бәйән әһлис-сунна уал-жамаға», яғни «Сүннет және жамағат жұртының анықтамасы» болатын. Уақыт өте келе жалпақ жұртқа «Тахауи ақидасы» деген қысқаша атпен танылды. Сүннет жолын ұстанған үмбеттің діни-танымдық қағидаларын шегендеп берген шағын еңбекке талай ғалым-ғұламалар шарх-түсініктемелер жазған. Ол түсініктемелерге де қосымша түсіндірмелер жасалған. Алайда сол еңбектердің барлығы бірдей сүннет жұртына тиесілі Ашғари және Матуриди мазһабтарына сай жазылмаған. Кейбір адасушы ағымдар өздерінің дүдәмал ой-пікірлерін негіздеу үшін Тахауидің сөздерін бұрмалап түсіндірмелер жазған. Сондықтан Тахауи ақидасының түсіндірмелеріне қол созбастан бұрын оның қай бағытта жазылғандығын анықтап


алу қажет. Бұл еңбектің Матуриди ақидасына сай жасалған түсіндірмелерінің негізгілері төмендегідей:

1. «Шарх ақида ат-Тахауия» кітабы, авторы: Исмаил ибн Ибраһим әш-Шәйбани (һижри 629 ж. қайтыс болған) Ахмет Фарид әл-Мазидидің тахқиқымен.

2. «Шарх әл-ақида әл-имам ат-Тахауи» кітабы, авторы: Әбу Хафс Сиражуддин әл-Ғазнауи әл-Һинди (һижри 773 ж. қайтыс болған) Хазим әл-Кәйләнидің және профессор Абдулқадыр Нассардың тахқиқымен.

3. «Шарх ақида әһл әс-Сунна уәл-жамаға» кітабы, авторы: Әкмәлуддин әл-Бабарти (һижри 786 ж. қайтыс болған).

Бұл кітаптардан басқа қазіргі заманғы ғалымдар жазған түсіндірмелері де бар.



«ТАХАУИ АҚИДАСЫНЫҢ» МӘТІНІ МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ

قَالَ الْعَلَامَةُ حُجَّةُ الْإِسْلَامِ أَبُو جَعْفَرِ الْوَرَّاقُ الطَّحَاوِيُّ بِمِصْرَ، رَحِمَهُ اللَّهُ: هَذَا ذِكْرُ
بَيَانِ عَقِيدَةِ أَهْلِ السُّنَّةِ وَالْجَمَاعَةِ، عَلَى مَذْهَبِ فُقَهَاءِ الْمَلَّةِ: أَبِي حَنِيفَةَ النُّعْمَانَ
بْنَ ثَابِتِ الْكُوفِيِّ، وَأَبِي يُوسُفَ يَعْقُوبَ بْنَ إِبْرَاهِيمَ الْأَنْصَارِيِّ، وَأَبِي عَبْدِ اللَّهِ مُحَمَّدِ
بْنَ الْحَسَنِ الشَّيْبَانِيِّ، رِضْوَانُ اللَّهِ عَلَيْهِمْ أَجْمَعِينَ، وَمَا يَعْتَقِدُونَ مِنْ أَصُولِ الدِّينِ،
وَيَدِينُونَ بِهِ رَبُّ الْعَالَمِينَ.

نَقُولُ فِي تَوْحِيدِ اللَّهِ مُعْتَقِدِينَ بِتَوْفِيقِ اللَّهِ:

Исламның айқын айғағы, ұлы ғұлама Әбу Жағфар әл-Уаррақ ат-Тахауи, Алла рахым еткей, Мысыр шаһарында былай деді:

«Бұл – міллеттің фақиһ-ғұламалары Әбу Ханифа ән-Нугман ибн Сәбит әл-Куфий, Әбу Юсуф Яғқуб ибн Ибраһим әл-Ансарий және Әбу Абдулла Мұхаммед ибн әл-Хасан әш-Шәйбанилардың, Алла олардың барлығына разы болғай, ұстанған мазһабы, дін негіздері мен әлемдердің Раббысына қатысты сенім принциптерінің аясындағы Сүннет және жамағат жұртының ақидасының баяны. Біз Алланың таухид-бірлігі жайлы мынадай ақида-сенімде екендігімізді білдіреміз:

١- إِنْ لِلَّهِ وَاحِدٌ لَا شَرِيكَ لَهُ

1. Алла – жалғыз және Оның ешбір серігі жоқ.

Түсіндірмесі:

«Таухид» деген сөз «бір болу», «жалғыз болу» деген мағынаны білдіреді. Мұсылмандық таным бойынша «таухид» термині құлшылық етуге жалғыз Алла Тағаланың лайықты екендігін әрі Оның ешбір серігі жоқ екендігін білдіреді. Ешбір жаратылыс Онымен теңдес бола алмайды, ісіне араласа алмайды, құдірет-күшіне, сипаттарына ортақтаса алмайды.

Таухид – діннің негізі, пайғамбарлар миссиясының ең басты мақсаты:

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ مِنْ رَسُولٍ إِلَّا نُوحِي إِلَيْهِ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا فَاعْبُدُونِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Һәм (я, Пайғамбар!) сенен бұрын қандай да бір елші жібермейік, оған Біз: «Менен басқа құдай жоқ. Маған ғана табыныңдар!» – деп уахи еттік» (Әнбия, 25).

Сондықтан да Алла Тағалаға серік қосу күнә атаулының ең үлкені. Егер пенде осы ауыр күнәдан арылмай өліп кетсе, мәңгілік азапқа лайықты болады.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ افْتَرَى إِثْمًا عَظِيمًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ақиқатында, Алла Өзіне серік қосқанды кешірмейді. Ал одан [серік қосудан] басқаны қалағанына кешіреді. Кім Аллаға серік қосса, ол зор күнә жасайды» (Ниса, 48, 116).

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «فَإِنَّ اللَّهَ قَدْ حَرَّمَ عَلَى النَّارِ مَنْ قَالَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ يَبْتَغِي بِذَلِكَ وَجْهَ اللَّهِ». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Алланың елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Ақиқатында, Алла «Алладан басқа құдай жоқ» деп Алланың разылығы үшін (шын ықыласпен) айтқан жанды тозаққа харам етті». Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

٢- وَلَا شَيْءَ مِثْلَهُ

2. Оған ұқсайтын ештеңе жоқ.

Түсіндірмесі:

Алла Тағалаға ештеңе ұқсамайды. Оның сипаттары жаратқан нәрселеріне ұқсамайды. Оған жаратылыстық сипаттарды таңу күпірлікпен тең.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿فَاطِرُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ جَعَلَ لَكُمْ مِنْ أَنْفُسِكُمْ أَزْوَاجًا وَمِنَ الْأَنْعَامِ أَزْوَاجًا يَذُرُّكُمْ فِيهِ لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Көктер мен жердің Жаратушысы! Ол сендерге өздеріңнен жұбайлар жасады әрі түліктерден де жұптар жасады. Сол (жұптастық) арқылы сендерді таратады (көбейтеді).

Оған (Аллаға) ұқсас ештеңе жоқ! Әрі Ол – Естуші һәм Көруші!» (Шура, 11).

٣- وَلَا شَيْءٌ يُعْجِزُهُ

3. Оны ештеңе де осалдата алмайды.

Түсіндірмесі:

Ешбір мақұлық, яғни жаратылыс Алла Тағалаға ықпал ете алмайды, Оның күш-құдіретіне, билігіне еш әсер ете алмайды.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا كَانَ اللَّهُ لِيُعْجِزَهُ مِنْ شَيْءٍ فِي السَّمَاوَاتِ وَلَا فِي الْأَرْضِ إِنَّهُ كَانَ عَلِيمًا قَدِيرًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «Алланы көктер мен жердегі ештеңе де осалдатпақ емес. Расында Ол – Білуші һәм Құдіретті!» (Фатыр, 44).

٤- وَلَا إِلَهَ غَيْرُهُ

4. Одан басқа тәңір жоқ.

Түсіндірмесі:

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَالْهَيْكُمُ إِلَهٌ وَاحِدٌ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Құдайларың – Жалғыз Құдай, Одан басқа құдай жоқ, Аса мейірімді һәм Мейірбан» (Бақара, 163).

Алла Тағаладан басқа құдай жоқ, Одан өзге табынуға, сиынуға, жалбарынуға, құлшылық қылуға лайықты ештеңе де жоқ. Барлық пайғамбарлардың насихатының негізі осы.

٥- قَدِيمٌ بِلَا اِبْتِدَاءٍ، دَائِمٌ بِلَا اَنْتِهَاءٍ

5. Ол – бастаусыз қадым, соңсыз мәңгі дәйім сипатты.

Түсіндірмесі:

Қадым басталуы жоқ мәңгілік деген сипатты білдіреді. Алла Тағаланың бар болуының бастауы да жоқ, аяқталуы да жоқ. Ол – мәңгілік, бар болуы ешбір себепке, салдарға тәуелді емес. Ал жаратылыстар олай емес.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿هُوَ الْأَوَّلُ وَالْآخِرُ وَالظَّاهِرُ وَالْبَاطِنُ وَهُوَ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمٌ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ол [Алла] – Әуелгі әрі Ақырғы, Жоғарғы әрі Жақын һәм Ол барлық нәрсені біледі» (Хадид, 3).

٦- لَا يَفْنَى وَلَا يَبِيدُ

6. Ол жоғалмайды әрі жойылмайды.

Түсіндірмесі:

Алла Тағала мақұлықтар сияқты шектеулі емес. Өлу, жойылу сияқты пәнилік құбылыстар Оған тән емес. Бар болуының бастауы да, соңы да жоқ.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿كُلُّ مَنْ عَلَيْهَا فَانٍ * وَيَبْقَى وَجْهَ رَبِّكَ ذُو الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ондағының [жердегінің] барлығы жойылады да, ұлылық пен жомарттық Иесі Раббыңның дидары [Өзі] қалады» (Рахман, 26, 27).

٧- وَلَا يَكُونُ إِلَّا مَا يُرِيدُ

7. Оның қалағаны ғана орындалады.

Түсіндірмесі:

Жаратушының қалауы жаратылыстың қалауынан жоғары. Әуел баста олардың барлығын Өзі қалауынан жоқтан бар еткен.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿كَذَلِكَ اللَّهُ يَفْعَلُ مَا يَشَاءُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Осылайша Алла қалағанын жасайды» (Әл Имран, 40). Демек, жақсылық та, жамандық та Алланың қалауынсыз жүзеге аспайды.

٨- لَا تَبْلُغُهُ الْأَوْهَامُ، وَلَا تُدْرِكُهُ الْأَفْهَامُ

8. Оған қиял да жете алмайды, пайымдар да ілесе алмайды.

Түсіндірмесі:

Алла Тағаланың шынайы болмысын Өзінен өзге ешкім білмейді. Оған қиялмен, болжаумен немесе ақыл-ой,

түсінік-пайыммен, тұспалмен жету мүмкін емес. Жаратқан Иені қиялмен, оймен елестету, бейнелеу дұрыс емес. Хақ Тағала оңдай емес. Біз Алла Тағаланы сипаттары арқылы ғана тани аламыз.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِهِ عِلْمًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ол [Алла] олардан бұрынғыларды да, кейінгілерді де біледі, ал олар Оны білімдерімен қамти алмайды» (Таһа, 110).

٩- وَلَا يُشْبِهُ الْأَنَامَ

9. Оған жаратылғандар ұқсамайды.

Түсіндірмесі:

Алла Тағалаға жаратқан нәрселері ұқсамайды. Оны жаратылысқа, адамға ұқсату – күпірлік.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Оған (Аллаға) ұқсас ештеңе жоқ! Әрі Ол – Естуші һәм Көруші!» (Шура, 11).

١٠- حَيٌّ لَا يَمُوتُ، قَيُّومٌ لَا يَنَامُ

10. Еш өлмейтін Мәңгі Тірі, ұйықтамайтын әл-Қаййум – Меңгеруші.

Түсіндірмесі:

Алла Тағала Мәңгі Тірі, тірлігі жаратылыстағыдай

басталуы мен аяқталуы бар құбылыс емес. Күллі жаратылыстың, ғаламның ісін меңгереді. Қалғу, ұйықтау сипаты Оған мүлде жат.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَتَوَكَّلْ عَلَى الْحَيِّ الَّذِي لَا يَمُوتُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ешқашан өлмейтін Тіріге [Аллаға] тәуекел ет!» (Фұрқан, 58).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا تَأْخُذُهُ سِنَّةٌ وَلَا نَوْمٌ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Алла, Одан басқа құдай жоқ, Мәңгі Тірі һәм Меңгеруші. Ол қалғымайды, ұйықтамайды» (Бақара, 255).

١١- خَالِقٌ بَلَا حَاجَةٍ، رَازِقٌ بَلَا مُؤْنَةٍ

11. Мұқтажданбай Жаратушы, азықсыз Ризықтандырушы.

Түсіндірмесі:

Раббы Тағала жаратылыстарына зәру емес, оларды жаратқанда мұқтаж болып жаратқан жоқ.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ﴾

Жаратқан Ие былай дейді: «Ақиқатында, Алла әлемдерге мұқтаж емес» (Әл Имран, 97).

Оларды Өзіне құлшылық етулері үшін ғана жаратқан.

الأَعْلَى فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ ﴿

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Жындар мен адамзатты Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» (Зәрият, 56).

Сонымен бірге, жаратылыстардың ырзық-несібелерін ешбір қиындықсыз, себепсіз береді.

۱۲- مُمِيتٌ بِلَا مَخَافَةٍ، بَاعِثٌ بِلَا مَشَقَّةٍ

12. Еш қорықпай Өлтіруші, машақатсыз Тірілтуші.

Түсіндірмесі:

Хақ Тағала құдірет-қалауымен тіршілік атаулын өлтіреді әрі оларды Қиямет күні қайта тірілтеді. Ол үшін ешкімнен қорықпайды. Бұл істер Ол үшін оңай. Өйткені, Ол барлық істің Жаратушысы, өлімнің де, өмірдің де Жаратушысы.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿الَّذِي خَلَقَ الْمَوْتَ وَالْحَيَاةَ لِيَسْأَلُكُمْ أَئِيكُمْ أَحْسَنُ عَمَلًا وَهُوَ الْعَزِيزُ الْغَفُورُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ол [Алла] қайсыларыңның іс-амалы көркем болатындығын сынау үшін өлім мен өмірді жаратты. Ол – Үстем әрі Кешірімді» (Мүлік, 2).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَهُوَ الَّذِي يَبْدَأُ الْخَلْقَ ثُمَّ يُعِيدُهُ وَهُوَ أَهْوَنُ عَلَيْهِ وَلَهُ الْمَثَلُ

Алла Тағала былай дейді: «Өрі жаратылысты (жоқтан бар етіп жаратып) бастап, сосын оны қайтаратын да – Ол (Алла). Һәм олай ету Ол үшін аса оңай. Көктер мен жердегі ең биік мысал (сипаттар) Оған тән. Және Ол Құдіретті һәм Дана» (Рум, 27).

۱۳- مَا زَالَ بِصِفَاتِهِ قَدِيمًا قَبْلَ خَلْقِهِ، لَمْ يَزِدْ بِكُونِهِمْ شَيْئًا لَمْ يَكُنْ قَبْلَهُمْ مِنْ صِفَتِهِ، وَكَمَا كَانَ بِصِفَاتِهِ أَزَلِيًّا كَذَلِكَ لَا يَزَالُ عَلَيْهَا أَبَدِيًّا.

13. Ол Өзіндік сипаттарымен жаратылысын жаратудан бұрын қадым (мәңгі). Олардың болуы Оның сипатына ештеңе де қоспады. Өз сипаттарымен азали (бастаусыз) болуымен бірге әбәди (одан әрі мәңгілік).

Түсіндірмесі:

Алла Тағаланың Өзіндік сипаттары ешбір нәрсеге тәуелді емес. Оған ешнәрсе әсер ете алмайды. Сипаттары күллі жаратылыстан бұрын бар болған. Ғаламды жаратқан соң Ол жаңа сипаттар алған жоқ. Сипаттары Өзімен бірге басталуы жоқ мәңгілік, аяқталуы жоқ мәңгі-бақилық қасиетте.

۱۴- لَيْسَ بَعْدَ خَلْقِ الْخَلْقِ اسْتِفَادَ اسْمَ «الْخَالِقِ» وَلَا بِإِحْدَائِهِ الْبَرِيَّةِ اسْتِفَادَ اسْمَ الْبَارِي

14. Ол «әл-Халиқ», яғни Жаратушы есіміне жаратылысты жаратқаннан соң ие болған емес һәм және

«ал-Бәрий», жоқтан бар етіп Жаратушы есіміне де «бәрийяны», яғни жаратылысты бар қылған соң ие болған емес.

Түсіндірмесі:

Алла Тағала Жаратушылық сипатты жаратылысты жаратып барып алған жоқ, керісінше, сол сипаттар Онымен бірге мәңгілік.

١٥ - لَهُ مَعْنَى الرَّبُّوبِيَّةِ وَلَا مَرْبُوبَ، وَمَعْنَى الْخَالِقِ وَلَا مَخْلُوقَ

15. Оның Раббылық, яғни Егелік сипаты егелігінен бұрын бар еді. Жаратушы сипаты да жаратылыстан бұрын болған.

Түсіндірмесі:

Алла Тағала иелігін жаратпай тұрып та Ие, Раббы болған. Мақлұқаттарын жаратпай тұрып та Жаратушы болған.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿هُوَ اللهُ الْخَالِقُ الْبَارِئُ الْمُصَوِّرُ لَهُ الْأَسْمَاءُ الْحُسْنَى يُسَبِّحُ لَهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ол Алла – Жаратушы, жоқтан бар Жасаушы, Бейнелеуші. Көркем есімдер Оған тән. Көктегілер мен жердегілер Оған тәсбих айтады әрі Ол – Үстем һәм Дана» (Хашр, 24).

عَنْ عِمْرَانَ بْنِ حُصَيْنٍ رَضِيَ اللهُ عَنْهُمَا أَنَّ نَاسًا مِنْ أَهْلِ الْيَمَنِ سَأَلُوا النَّبِيَّ صَلَّى

اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالُوا: جَنَّاتِكَ نَسَأَلُكَ عَنْ هَذَا الْأَمْرِ؟ قَالَ: «كَانَ اللَّهُ وَلَمْ يَكُنْ شَيْءٌ غَيْرُهُ، وَكَانَ عَرْشُهُ عَلَى الْمَاءِ، وَكُتِبَ فِي الذِّكْرِ كُلِّ شَيْءٍ، وَخَلَقَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Имран ибн Хусайннан (р.а.) жеткен риуаятта Йеменнен келген бір адамдар Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Сізден осы іс туралы сұрағалы келдік», – дейді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Алла болды, Одан басқа ештеңе де болған жоқ. Аршысы судың үстінде болатын. Ләухул-Махфузға барлық нәрсені жазды. Сосын көктер мен жерді жаратты», – дейді. Бұхари риуаят еткен.

١٦ - وَكَمَا أَنَّهُ تُحْيِي الْمَوْتَى بَعْدَمَا أَحْيَا، اسْتَحَقَّ هَذَا الْإِسْمَ قَبْلَ إِحْيَائِهِمْ، كَذَلِكَ اسْتَحَقَّ اسْمَ الْخَالِقِ قَبْلَ إِنْشَائِهِمْ

16. Алла Тағала жаратылыстарға өмір бергеннен соң «Өлілерді тірілтуші» деген есімге ие болғандай, оларды тірілтпестен алдын да бұл есімге лайық еді. Осылайша жаратылыстарды жаратудан бұрын да Ол «Халиқ» (Жаратушы) есіміне ие болған.

Түсіндірмесі:

Өлілерді қайта тірілтуші Алла Тағала оларды тірілту сипатына бұрыннан ие болғаны сияқты Жаратушы есіміне де оларды бар қылудан бұрын ие.

١٧ - ذَلِكَ بِأَنَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، وَكُلُّ شَيْءٍ إِلَيْهِ فَقِيرٌ، وَكُلُّ أَمْرٍ عَلَيْهِ

يَسِيرٌ، لَا يَحْتَاجُ إِلَى شَيْءٍ، ﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ، وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾
(الشُّورَى: ١١).

17. Өйткені Оның құдіреті барлық нәрсеге жетеді, барлық нәрсе Оған мұқтаж һәм Ол үшін барлық іс жеңіл. Ол еш нәрсеге мұқтаж емес. «Оған ұқсайтын ештеңе жоқ һәм Ол – Естуші, Көруші» (Шура, 11-аят).

Түсіндірмесі:

Алла Тағаланың құдіретінен тыс нәрсе жоқ. Күллі жаратылыс Оған мұқтаж. Жарату, өлтіру, тірілту, ризық беру сияқты істер Ол үшін оңай. Өзі ешбір мақұлыққа мұқтаж емес.

١٨ - خَلَقَ الْخَلْقَ بِعِلْمِهِ

18. Жаратқанын білімімен жаратты.

Түсіндірмесі:

Хақ Тағала бүкіл жаратылысты алдын ала білуімен жаратқан. Олардың саны, түр-түсі, қасиетін, қарым-қабілетін – барлығын білген.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿أَلَا يَعْلَمُ مَنْ خَلَقَ وَهُوَ اللَّطِيفُ الْخَبِيرُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Әлде (барлығын) жаратқан (Алла) (жария мен құпияны) білмей ме? Ол – (көреген) Жұмсақ һәм Хабардар» (Мүлік, 14).

١٩ - وَقَدَّرَ لَهُمْ أَقْدَارًا

19. Олардың мөлшерлерін белгіледі.

Түсіндірмесі:

Алла Тағала күллі жаратылыстың мөлшерін, тағдырын, ырзық-несібесін, ғұмырларын нақтылап қойған.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّا كُلَّ شَيْءٍ خَلَقْنَاهُ بِقَدَرٍ﴾

Жаратқан Ие былай дейді: «Ақиқатында, Біз барлық нәрсені мөлшермен жараттық» (Қамар, 49).

٢٠ - وَضَرَبَ لَهُمُ آجَالًا

20. Олардың тіршілік мерзімдерін нақтылады.

Түсіндірмесі:

Раббы Тағала мақұлықтарының мерзімдерін, ажалдарын жаратты.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَلِكُلِّ أُمَّةٍ أَجَلٌ فَإِذَا جَاءَ أَجَلُهُمْ لَا يَسْتَأْخِرُونَ سَاعَةً وَلَا يَسْتَقْدِمُونَ﴾

Жаратқан Ие былай дейді: «Әрбір үмбеттің мерзімі бар, сол мерзім келген кезде олар одан бір сағат кешіге де, озып кете де алмайды» (Ағраф, 34).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا كَانَ لِنَفْسٍ أَنْ تَمُوتَ إِلَّا بِإِذْنِ اللَّهِ كِتَابًا مُؤَجَّلًا﴾

Раббы Тағала былай дейді: «Әрбір жан тек Алланың қалауымен ғана белгіленген мерзімде өледі» (Қамар, 49).

۲۱- وَمَا يَخْفَىٰ عَلَيْهِ شَيْءٌ قَبْلَ أَنْ يَخْلُقَهُمْ، وَعَلِمَ مَا هُمْ عَامِلُونَ قَبْلَ أَنْ يَخْلُقَهُمْ

21. Оларды жаратудан бұрын да Оған ештеңе жасырын болған емес-ті. Һәм жаратудан бұрын олардың не істейтіндерін білді.

Түсіндірмесі:

Жаратылысты жаратпастан бұрын Алла Тағалаға ештеңе де жасырын болған емес-ті. Оларды жаратпастан бұрын болашақта не істейтіндерін алдын ала білді.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَهُوَ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمٌ﴾

Алла Тағала былай дейді: «... Һәм Ол әрбір нәрсені біледі» (Қамар, 49).

۲۲- وَأَمْرُهُمْ بَطَاعَتِهِ، وَنَهَاهُمْ عَنْ مَعْصِيَتِهِ

22. Оларды Өзіне бойсұнуға бұйырды, Өзіне қарсы шығуға тыйым салды.

Түсіндірмесі:

Жаратушы Хақ Тағала жаратқан нәрселерін, адамзат пен жынға Өзіне құлшылық етіп, бағынуға әмір етті, қарсылық қылудан, асылық танытудан тыйды.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Жындар мен адамзатты Өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым» (Зәрият, 56).

۲۳- وَكُلُّ شَيْءٍ يَجْرِي بِتَقْدِيرِهِ وَمَشِيئَتِهِ، وَمَشِيئَتُهُ تَنْفُذٌ، لَا مَشِيئَةَ لِلْعِبَادِ، إِلَّا مَا شَاءَ لَهُمْ، فَمَا شَاءَ هُمْ كَانُوا، وَمَا لَمْ يَشَأْ لَمْ يَكُنْ

23. Бүкіл нәрсе Оның мөлшерлеуімен әрі қалауымен жүреді. Әрі қалауы мүлтіксіз орындалады. Құлдарда тек Оның қалағанынан басқа қалау жоқ. Оларға қалағаны болады, ал қаламағаны болмайды.

Түсіндірмесі:

Барлық жаратылыс: аспандағы жұлдыздар, періштелер, жер бетіндегі адамзат пен жын, сан алуан мақлұқаттар, жандысы, жансызы бар, – барлығы Алла Тағаланың қалауымен, белгілеп берген тағдырымен тіршілік етеді. Оның қалауы мүлтіксіз орындалады. Құлдар өз беттерімен бірдеңені қалап, жүзеге асыра алмайды. Тілек-қалаулары тек Құдай Тағаланың қалауына сай келсе ғана орындалады.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا تَشَاءُونَ إِلَّا أَنْ يَشَاءَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Бірақ әлемдердің Раббысы Алла қаламаса сендер оны [туралықты] қалай алмайсыңдар» (Тәкуир, 29).

٢٤ - يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ، وَيَعْصِمُ وَيُعَافِي فَضْلًا، وَيُضِلُّ مَنْ يَشَاءُ، وَيَخْذُلُ وَ
يَبْتَلِي عَدْلًا

24. Ол Өз кеңшілігімен қалағанын тура жолға салады, адасудан және пәледен сақтайды. Һәм Өз әділдігімен қалағанын адастырады, қорлыққа салып және түрлі сынаққа ұшыратады.

Түсіндірмесі:

Алла Тағала құлдарынан қалағанын тура жолға салады. Адасудан, сынақтан сақтайды. Сондай-ақ, қалаған құлын тура жолдан адастырады, төмендетіп, сынаққа ұшыратады. Тура жолға салу, адастыру Жаратқанға ғана тән іс. Мұның бәрін Өз кеңшілігімен, әділдігімен орындайды. Ол үшін ешкімнің алдында есеп бермейді. Өйткені бүкіл жаратылыс Оның иелігінде, Өз билігінде қалағанынша үкім етеді.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَلَوْ شَاءَ اللَّهُ لَجَعَلَكُمْ أُمَّةً وَاحِدَةً وَلَكِنْ يُضِلُّ مَنْ يَشَاءُ
وَيَهْدِي مَنْ يَشَاءُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Егер Алла қаласа, барлығыңды бір үмбет етер еді. Бірақ Ол қалағанын адастырады, қалағанын тура жолға салады» (Нәхл, 93).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَلَوْ شَاءَ رَبُّكَ لَأَمَنَّ مَنْ فِي الْأَرْضِ كُلَّهُمْ جَمِيعًا أَفَأَنْتَ
تُكْرَهُ النَّاسَ حَتَّى يَكُونُوا مُؤْمِنِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Егер Алла қаласа, жер бетіндегілердің барлығы түгел иман келтірер еді. (Уа, Пайғамбар) Енді сен адамдарды мүмін болуға мәжбүрлемексің бе?» (Жүніс, 99).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّكَ لَا تَهْدِي مَنْ أَحْبَبْتَ وَلَكِنَّ اللَّهَ يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ وَهُوَ
أَعْلَمُ بِالْمُهْتَدِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Шын мәнінде сен (уа, Пайғамбар) өзің жақсы көрген жанды тура жолға сала алмайсың. Бірақ Алла қалағанын тура жолға салады әрі Ол тура жолдағыларды жақсы біледі» (Қасас, 56).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَلَوْ شِئْنَا لَآتَيْنَا كُلَّ نَفْسٍ هُدَاهَا وَلَكِنْ حَقَّ الْقَوْلُ مِنِّي
لَأَمْلَأَنَّ جَهَنَّمَ مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ أَجْمَعِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Егер қаласақ, Біз әрбір жанды тура жолға салар едік. Алайда «Мен жәһәннамды жындармен және адамдармен, сөзсіз, толтырамын!» деген сөзім орындалады» (Сәжде, 13).

٢٥ - وَكُلُّهُمْ يَتَقَلَّبُونَ فِي مَشِيئَتِهِ، بَيْنَ فَضْلِهِ وَعَدْلِهِ

25. Барлығы Оның кеңшілігі мен әділдігінің арасында Оның қалауында өмір сүреді.

Түсіндірмесі:

Құллі жаратылыс, адамзат пен жын Алланың

қалауымен тіршілік етеді. Олар жомарттығы мен кеңдігінің, әділдігі мен хикметінің арасында өмір кешеді.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿هُوَ الَّذِي خَلَقَكُمْ مِنْكُمْ كَافِرٍ وَمِنْكُمْ مُؤْمِنٌ وَاللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ بَصِيرٌ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Сендерді жаратқан Сол [Алла]. Іштеріңде кәпір де бар, іштеріңде мүмін де бар. Алла сендердің не істеп жатқандарыңды көреді» (Тағабун, 2).

٢٦- وَهُوَ مُتَعَالٍ عَنِ الْأَضْدَادِ وَالْأَنْدَادِ

26. Ол қарсыластардан және ұқсастардан пәк.

Түсіндірмесі:

Алла Тағалаға қарсылас болатын, қарсы шыға алатын ешкім жоқ. Теңдес болатын да ештеңе жоқ. Ықылас сүресінде айтылғандай: «Оған тең келетін ешкім де жоқ!»

٢٧- لَا رَادَّ لِقَضَائِهِ، وَلَا مُعَقِّبَ حُكْمِهِ، وَلَا غَالِبَ لَأَمْرِهِ

27. Ешкім Оның шешімін қайтара алмайды, үкімін кешіктіре де, терістей алмайды және Оның әмірінен басым бола алмайды.

Түсіндірмесі:

Алла Тағаланың жаратылысына жазған тағдырын,

үкім-шешімдерін ешкім де өзгерте алмайды, зәредей ықпал ете алмайды. Оның пәрменіне үстемдік жасай алмайды.

٢٨- آمَنَّا بِذَلِكَ كُلِّهِ، وَأَيَقِنَّا أَنَّ كُلاًّ مِنْ عِنْدِهِ

28. Біз осы айтылғанның барлығына иман келтірдік һәм барлығының Одан екендігіне айқын иландық.

Түсіндірмесі:

Біз осы айтылғандардың барлығына кәміл иманмен сенеміз. Бүкіл істердің Алланың әмірімен ғана болатындығына анық наныммен иланамыз.

٢٩- وَإِنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ الْمُصْطَفَى، وَنَبِيُّهُ الْمُجْتَبَى، وَرَسُولُهُ الْمُرْتَضَى

29. Ақиқатында, Мұхаммед (с.а.с.) – Оның таңдаулы құлы және қалаулы пайғамбары һәм разылық танытқан елшісі екендігіне иман келтірдік.

Түсіндірмесі:

Мұхаммед пайғамбар, оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын, Алла Тағаланың бүкіл адамзаттың ішінен таңдап алған сүйікті құлы әрі пайғамбары һәм елшісі екендігіне кәміл куәлік береміз.

٣٠- وَأَنَّهُ خَاتَمُ الْأَنْبِيَاءِ، وَإِمَامُ الْأَتْفِيَاءِ، وَسَيِّدُ الْمُرْسَلِينَ، وَحَبِيبُ رَبِّ

الْعَالَمِينَ

30. Ол (с.а.с.) – пайғамбарлардың ең соңғысы, тақуалардың имамы, елшілердің мырзасы, әлемдердің Раббысының сүйіктісі.

Түсіндірмесі:

Мұхаммед (с.а.с.) адамзат тарихында болған күллі пайғамбарлардың ең соңғысы, ең абзалы, мырзасы, әлемдердің Раббысы Жаратқан Иенің ең сүйікті құлы.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿مَا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَا أَحَدٍ مِنْ رِجَالِكُمْ وَلَكِنْ رَسُولَ اللهِ وَخَاتَمَ النَّبِيِّينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Мұхаммед сендердің біреулерінің әкесі емес, алайда Алланың елшісі һәм пайғамбарлардың соңғысы» (Ахзаб, 40).

قَالَ رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَنَا سَيِّدُ وَدِدِ آدَمَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَلَا فَخْرَ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Мен Қиямет күні Адам ұрпақтарының төресімін, бұл мақтаншы үшін емес» (Мүслим риуаяты).

٣١ – وَكُلُّ دَعْوَى النَّبُوَّةِ بَعْدَهُ فَنَعْيٌ وَهَوَى

31. Одан (с.а.с.) кейінгі әрбір пайғамбарлық жариялау – адасқандық һәм әуейі сандырақ.

Түсіндірмесі:

Алла Тағаланың адамзатқа жіберген соңғы елшісі, пайғамбары – Мұхаммед (с.а.с.). Одан кейін пайғамбар болмайды. Сондықтан өзін-өзі пайғамбар деп жариялағандардың сөзі құр сандырақ, анық адасудан басқа ештеңе де емес. Ондайлар Жаратқанның алдында жазасын тартады. Жалпы, мұсылмандық таным бойынша пайғамбар атауын Алланың пайғамбарларынан (а.с.) басқа біреуге беру күпірлік болып табылады.

٣٢ – وَهُوَ الْمَبْعُوثُ إِلَى عَامَّةِ الْجِنِّ، وَكَافَّةِ الْوَرَى، بِالْحَقِّ وَالْهُدَى، وَبِالنُّورِ وَالضِّيَاءِ

32. Ол (с.а.с.) барша жындарға, бүкіл адамзатқа ақиқатпен және тура жолбасшылықпен, нұрмен және сәулемен жіберілген.

Түсіндірмесі:

Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) бұрынғы пайғамбарлардың барлығы өздерінің қауымдарына, белгілі бір аймақтарға жіберілген. Ал оның (с.а.с.) елшілігі бүкіл адамзат пен жындарды қамтиды.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا كَافَّةً لِلنَّاسِ بَشِيرًا وَنَذِيرًا وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Біз сені (уа, Пайғамбар) бүкіл адамдарға қуандырушы әрі ескертуші етіп жібердік. Алайда адамдардың көпшілігі білмейді» (Сәбә, 28).

Құран Кәрімде жындардың Пайғамбардың (с.а.с.) дағуатын естіп иман келтіргендері туралы айтылады.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿قُلْ أُوحِيَ إِلَيَّ أَنَّهُ اسْتَمَعَ نَفَرٌ مِنَ الْجِنِّ فَقَالُوا إِنَّا سَمِعْنَا قُرْآنًا عَجَبًا * يَهْدِي إِلَى الرُّشْدِ فَآمَنَّا بِهِ وَلَنْ نُشْرِكَ بِرَبِّنَا أَحَدًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «Айт (уа, Пайғамбар): «Маған жындардың бір тобының (Құранды) тыңдағандығы туралы уахи егілді және олар (жындар) айтыпты: «Шындығында, біз ғажап Құранды естідік, тура жолға бастайтын. Сөйтіп, біз (жындар) оған (Құранға) иман келтірдік. Енді Раббымызға ешқашан да ешкімді де серік етіп қоспаймыз» (Сәбә, 28).

۳۳— وَإِنَّ الْقُرْآنَ كَلَامَ اللَّهِ، مِنْهُ بَدَأَ بِلَا كَيْفِيَّةٍ قَوْلًا، وَأَنْزَلَهُ عَلَى رَسُولِهِ وَحْيًا، وَصَدَقَهُ الْمُؤْمِنُونَ عَلَى ذَلِكَ حَقًّا، وَأَيَقِنُوا أَنَّهُ كَلَامَ اللَّهِ تَعَالَى بِالْحَقِيقَةِ، لَيْسَ بِمَخْلُوقٍ كَكَلَامِ الْبَرِيَّةِ، فَمَنْ سَمِعَهُ فَزَعَمَ أَنَّهُ كَلَامَ الْبَشَرِ فَقَدْ كَفَرَ، وَقَدْ ذَمَّهُ اللَّهُ وَعَابَهُ وَأَوْعَدَهُ بِسَقَرٍ حَيْثُ قَالَ تَعَالَى: ﴿إِنْ هَذَا إِلَّا قَوْلُ الْبَشَرِ، سَأُصْلِيهِ سَقَرَ﴾ (المُدَّثَّرُ: ۲۶-۲۵)، عَلِمْنَا وَأَيَقِنَّا أَنَّهُ قَوْلُ خَالِقِ الْبَشَرِ، وَلَا يُشْبَهُ قَوْلَ الْبَشَرِ

33. Ақиқатында, Құран – Алланың сөзі, Одан ешбір кейіпсіз сөз түрінде шыққан, елшісіне уахи арқылы түсірген. Мүміндер оны сол кейінде ақиқатпен растады, оның шын мәнінде Алла Тағаланың сөзі екендігіне иланды. Ол жаратылғандардың сөздері сияқты жаратылыс

емес. Кімде-кім оны естіп, оны адамның сөзі десе, кәпір болады. Алла ондайларды терістен, айыптаған, тозақпен қорқытып, былай деген: «Бұл тек адамның сөзі дегенді Мен тозаққа жағамын» (Мүддәссир 25, 26). Біз оның адамзаттың сөзіне ұқсамайтындығын, адамзатты Жаратқанның сөзі екендігін білдік һәм соған айқын иландық.

Түсіндірмесі:

Құран Кәрім жаратылыс емес, Алланың сөзі. Мақұлықтардың сөзіне ұқсамайтын иләһи кәләм. Кезінде Құранды жаратылыс деп сипаттайтын адасқан топтар болған.

۳۴— وَمَنْ وَصَفَ اللَّهُ بِمَعْنَى مَنْ مَعَانِي الْبَشَرِ فَقَدْ كَفَرَ، فَمَنْ أَبْصَرَ هَذَا اعْتَبَرَ، وَعَنْ مِثْلِ قَوْلِ الْكُفَّارِ أَنْزَجَرَ، وَعَلِمَ أَنَّهُ بِصِفَاتِهِ لَيْسَ كَالْبَشَرِ

34. Кімде-кім Алланы адамзаттың ұғым-сипаттарының бірімен сипаттаса, кәпір болады. Кімде-кім осыны ұқса, сабақ алады, кәпірлердің сөздеріндей сөздерден тартынады және Оның Өзіндік сипаттарымен адамзатқа ұқсамайтындығын білетін болады.

Түсіндірмесі:

Жаратушының сипаттары жаратылыстарының сипаттарындай емес, Оның мысалы ең биік. Кімде-кім Алла Тағалаға адами сипат беріп, сондай деп наным қылса, кәпір болады. Сондықтан да Алла Тағаланың болмысы, сипаттары туралы сөз қозғағанда аса абай болу қажет.

٣٥ – وَالرُّؤْيُ حَقٌّ لِأَهْلِ الْجَنَّةِ، بَعِيرٌ إِحَاطَةٌ وَلَا كَيْفِيَّةٌ، كَمَا نَطَقَ بِهِ كِتَابُ رَبَّنَا: ﴿وَجُوهٌ يَوْمَئِذٍ نَاضِرَةٌ * إِلَىٰ رَبِّهَا نَاظِرَةٌ﴾ (القيامة: ٢٢، ٢٣) وَتَفْسِيرُهُ عَلَىٰ مَا أَرَادَهُ اللَّهُ تَعَالَىٰ وَعَلِمَهُ، وَكُلُّ مَا جَاءَ فِي ذَلِكَ مِنَ الْحَدِيثِ الصَّحِيحِ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَهُوَ كَمَا قَالَ، وَمَعْنَاهُ عَلَىٰ مَا أَرَادَ، لَا نَدْخُلُ فِي ذَلِكَ مُتَأَوِّلِينَ بِأَرَائِنَا، وَلَا مُتَوَهِّمِينَ بِأَهْوَائِنَا، فَإِنَّهُ مَا سَلِمَ فِي دِينِهِ إِلَّا مَنْ سَلِمَ لِلَّهِ عَزَّ وَجَلَّ وَلِرَسُولِهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ. وَرَدَّ عِلْمَ مَا اشْتَبَهَ عَلَيْهِ إِلَىٰ عَالِمِهِ

35. Алла Тағаланы жұмақтықтардың көруі хақ, бірақ ешбір қамтусыз әрі кейіпсіз. Раббымыздың Кітабында айтылғандай: «Сол күні [Қиямет күні] кей жүздер жарқылдайды, Раббысына қарайды» (Қиямет сүресі, 22, 23). Мұның тәпсір-ұғымы Алла Тағаланың қалауы мен біліміне сай болады. Осы тұрғыда Алла елшісінен (с.а.с.) жеткен барлық сахих хадистер де, оның айтқанындай, мағынасы оның қалауындай. Біз бұл мәселеге өз ойларымызбен топшылап, желіктерімізбен жорамалдап кіре алмаймыз. Қайсыбір жан қашан өзі күмәнді болған нәрсенің анық-қанығын құдіретті де ұлы Аллаға және Оның Елшісіне (с.а.с.) тапсырмайынша, білушісіне қайтармайынша дінін аман сақтап қала алмайды.

Түсіндірмесі:

Құран Кәрім мен хадистерде айтылғандай, жұмақтықтар Жаратқан Иені көреді. Бірақ ол көру дүниедегі көруден бөлек. Ол көрудің ақиқатын бір Алла ғана біледі

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿لِلَّذِينَ أَحْسَنُوا الْحُسْنَىٰ وَزِيَادَةٌ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Көркем іс істегендерге (ақыретте) көркемдік әрі оған үстеме [Раббыны көру] болады» (Жүніс, 10).

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنَّكُمْ سَتَرُونَ رَبُّكُمْ عِيَانًا». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Пайғамбар (с.а.с.): «Сендер (мүміндер) Раббыларыңды анық көретін боласыңдар», – деген. Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

٣٦ – وَلَا تَثْبُتُ قَدَمُ الْإِسْلَامِ إِلَّا عَلَىٰ ظَهْرِ التَّسْلِيمِ وَالِاسْتِسْلَامِ، فَمَنْ رَامَ عِلْمَ مَا حُظِرَ عَنْهُ عِلْمُهُ، وَلَمْ يَقْنَعْ بِالتَّسْلِيمِ فَهَمُّهُ، حَجَبَهُ مَرَامُهُ عَنْ خَالِصِ التَّوْحِيدِ، وَصَافِي الْمَعْرِفَةِ، وَصَحِيحِ الْإِيمَانِ، فَيَتَدَبَّدَبُ بَيْنَ الْكُفْرِ وَالْإِيمَانِ، وَالتَّصْديقِ وَالتَّكْذِيبِ، وَالْإِقْرَارِ وَالْإِنْكَارِ، مُوسَّوسًا تَائِهًا، شَاكًا زَائِعًا، لَا مُؤْمِنًا مُصَدِّقًا، وَلَا جَاهِدًا مُكْذِبًا

36. Ислам қадамы толық бойсұну мен көнудің арқасында ғана нық тұрады. Кімде-кім білуі тыйым салынғанды білуді көксесе, пайым-түсінігі бойсұнуды қанағат тұтпаса, онда сол көксеуі оны таза таухидтен, саф танымнан, дұрыс иманнан перделейтін болады. Сөйтіп, ол күпірлік пен иманның, растау мен өтіріксізудің, мойындау мен терістеудің арасында адасқан азғырынды, ауытқыған күмәнді кейіпте, не растаушы мүмін емес, не толық терістеуші кәпір емес кейіпте талтіректен жүреді.

Түсіндірмесі:

Мұсылманның мұсылмандығы, дінінің растығы Алланың әміріне толық мойынсұнып, түсірген Құраны мен жіберген Елшісіне (с.а.с.) айна-қатесіз иланып сенбейінше нық болмайды. «Ислам» деген сөздің өзі көну, берілу мағынасын білдіреді. Ал қайсыбір жан білімі, нақты мағынасы бізге беймәлім, ұқсас ұғымды аяттар, ғайып істер туралы иман келтіріп, бойсұнумен шектелмей, оларды терең білуге тырысып, сол тақырыптарға ентелей енсе, соларды пәтуасыз пікірталас пен дау-дамайдың көзі етіп алса, сол арқылы мұсылмандардың арасында жік салатын болса, ондай адам шынайы таухидтен, саф сенімнен алыстайды. Жаратқанның сынақ ретінде жасырғанын жақсылап үйреніп, жалпақ дүниеге жария етем деген пиғылы үшін басы бәлеге қалады. Ақырында дүдәмал күйдегі дәлдірішке айналады. Дәл сондай жандар қазіргі қоғамымызда баршылық. Алла Тағала ондай жандарға Құран Кәрімінде «жүректерінде ауытқу дерті барлар» деген анықтама берген.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿هُوَ الَّذِي أَنْزَلَ عَلَيْكَ الْكِتَابَ مِنْهُ آيَاتٌ مُحْكَمَاتٌ هُنَّ أُمُّ الْكِتَابِ وَأُخَرُ مُتَشَابِهَاتٌ فَأَمَّا الَّذِينَ فِي قُلُوبِهِمْ زَيْغٌ فَيَتَّبِعُونَ مَا تَشَابَهَ مِنْهُ ابْتِغَاءَ الْفِتْنَةِ وَابْتِغَاءَ تَأْوِيلِهِ وَمَا يَعْلَمُ تَأْوِيلَهُ إِلَّا اللهُ وَالرَّاسِخُونَ فِي الْعِلْمِ يَقُولُونَ آمَنَّا بِهِ كُلٌّ مِنْ عِنْدِ رَبِّنَا وَمَا يَذَّكَّرُ إِلَّا أُولُو الْأَلْبَابِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Саған (ya, Пайғамбар) Кітапты [Құранды] түсірген Ол [Алла]. Оның ішінде кесімді аяттар бар, олар – Кітаптың анасы [негізгі бөлігі] және енді бірі ұқсас ұғымды (аяттар).

Жүректерінде ауытқу бар біреулер (мұсылмандардың арасында) бүлік тудыруды көздеп және мағынасын түсіндірмек боп ондағы [аятардың арасындағы] ұқсас ұғымдыларына ілеседі. Ал оның [ұқсас ұғымды аяттың] түсінігін Алладан басқа ешкім де білмейді. Һәм білімде берік болғандар [білімі терең ғұламалар]: «Біз оған [бүкіл аятқа] иман келтірдік. Бәрі де Раббымыздан (түскен)», – дейді. Алайда (бұдан) ақыл иелері ғана үгіт алады!» (Жүніс, 10).

۳۷ – وَلَا يَصِحُّ الْإِيمَانُ بِالرُّؤْيَةِ لِأَهْلِ دَارِ السَّلَامِ لِمَنْ اعْتَبَرَهَا مِنْهُمْ بِوَهْمٍ، أَوْ تَأْوِيلًا بِفَهْمٍ، إِذْ كَانَ تَأْوِيلُ الرُّؤْيَةِ وَتَأْوِيلُ كُلِّ مَعْنَى يُضَافُ إِلَى الرُّؤْيِيِّ بِتَرْكِ التَّأْوِيلِ، وَلِزُومِ التَّسْلِيمِ، وَعَلَيْهِ دِينُ الْمُسْلِمِينَ

37. Жұмақтықтардың Алла Тағаланы көруін елестеу деп есептейтін не өз пайымымен пайымдаған жанның иманы дұрыс болмайды. Өйткені Алланы көрудің түсіндірмесі және Раббылыққа қатысты мағына-сипаттардың барлығының түсіндірмесі сол түсіндірмеден бас тартып, бойсұну болып табылады һәм мұсылмандардың діні соған негізделген.

Түсіндірмесі:

Жәннатта Құдай Тағаланы көру мәселесін осы дүниелік пайыммен елестету немесе басқа да мағынада түсінуге болмайды. Ондай сенім жарға жығады. Жалғыз шешім мұндай мәселелерді аяттарда келген күйінде қабылдап, ешбір түсіндірмесіз бойсұнып, иман келтіру болып табылады.

۳۸ – وَمَنْ لَمْ يَتَوَقَّ النَّفْيَ وَالتَّشْبِيهَ، زَلَّ وَلَمْ يُصَبِّ التَّنْزِيهَ

38. Кімде-кім (Раббыны көруді) теріске шығару және (жаратылыстық сипаттарға) ұқсатудан сақтанбаса, онда хақ жолынан сүрінеді де, (Алланы лайықты түрде) пәктеуге жете алмайды.

Түсіндірмесі:

Алла Тағаланы жұмақтықтардың көретіндігін жоққа шығарған немесе дүнияуи көруге ұқсатқан жанның сенімі дұрыс емес. Егер де Жаратқанның жаратылыстық сипаттардан мүлде ада екендігін біле алмаса ақиқаттан аулақтайды.

۳۹ – فَإِنَّ رَبَّنَا جَلٌّ وَعَلَا مَوْصُوفٌ بِصِفَاتِ الْوَحْدَانِيَّةِ، مَنَعُوتٌ بِنُعُوتِ الْفَرْدَانِيَّةِ، لَيْسَ فِي مَعْنَاهُ أَحَدٌ مِنَ الْبَرِيَّةِ

39. Шындығында, ұлы да асқақ Раббымыз Жалғыздық сипаттарымен сипатталған, Даралық қасиеттерімен дараланған. Оның сипатына жаратылғандардың ешбірі де ие емес.

Түсіндірмесі:

Жаратқан Иемізге жалғыздық сипат тән. Бірақ бұл біздің дүниелік ұғымдағыдай кемістікті білдірмейді. Сипаттары Өзіне ғана тән болғандықтан даралық қасиетте. Сондықтан да иләһи сипаттардың жаратылыста болуы мүмкін емес.

۴۰ – وَتَعَالَى عَنِ الْحُدُودِ وَالْعَايَاتِ، وَالْأَرْكَانِ وَالْأَعْضَاءِ وَالْأَدْوَاتِ، لَا تَحْوِيهِ الْجِهَاتُ السُّتُّ كَسَائِرِ الْمُبْتَدِعَاتِ

40. Алла шекаралардан, шектерден, тіректерден, мүшелерден, құралдардан асқақ, Оны жаратылған нәрселер сияқты алты жақ қамтымайды.

Түсіндірмесі:

Алла Тағала уақыт, кеңістік, өлшемдерге мұқтаж емес. Өйткені ол материя емес. Ол ұғымдарды, құбылыстар мен заттарды, заңдылықтарды жаратқан. Ал Өзі ол жаратылыстарға, заңдылықтарға бағынбайды. Алла Тағала ондай жаратылыстық қасиеттерден пәк. Дүниедегі нәрселердің барлығы белгілі бір кеңістікте мекен, орын алып орналасқан. Олардың асты мен үсті, алды мен арты, оңы мен солы бар. Жаны барлардың жүретін тіректері, яғни аяқтары, сезетін мүшелері, ұстайтын қолдары болады. Бұл жаратылғандардың сипаты. Ал Алла Тағала ондай сипаттардан ада. Жаратқанға жаратылыстың қасиетін таңған адам күшірлік келтіреді.

Осы тұрғыдан алғанда ескідегі қазақтың белгілі ойшылдары мен даналарының, ақындарының таным-түсінігінің дұрыс болғанын аңғарамыз. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп иләһи сипаттар туралы былай деген:

Ол – Алла жисм, жауһар, ғариз емес,
Боларға басқа басқа бөлектенбес.
Алланы еш нәрсеге ұқсатуға,
Еш нәрсе Оған ұқсап жөні келмес.

Бар Құдай көкте де емес, жерде де емес,
Мекенін бір Алланың ешкім білмес.

Сипаты сегіз болған, бірі – кәләм,
Сөйлейді құдіретімен Алла Тағалам
Сөйлеуі біздей тілмен, жақпен емес,
Тіл, жаққа мұқтаж емес секілді адам
Алды-арты, асты-үсті, оң-солы жоқ,
Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жоқ.
Еш нәрсе ұқсамайды Ол, еш нәрсеге,
Кітаптың айтқанынан ойлама көп.

Бұл жерде Мәшһүр Жүсіп «Мекенін бір Алланың
ешкім білмес» деп Жаратқанның кеңістіктен орын
алмайтындығын, мекені болмайтындығын меңзеп тұр.

ИСРА МЕН МИҒРАЖ МҰҒЖИЗАСЫ ЖАЙЛЫ

٤١ – وَالْمِعْرَاجِ حَقًّا، وَقَدْ أُسْرِيَ بِالنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعُرِجَ بِشَخْصِهِ فِي
الْيَقْظَةِ إِلَى السَّمَاءِ، ثُمَّ إِلَى حَيْثُ شَاءَ اللَّهُ مِنَ الْعُلَا، وَأَكْرَمَهُ اللَّهُ بِمَا شَاءَ، وَأَوْحَى
إِلَيْهِ مَا أَوْحَى: ﴿مَا كَذَبَ الْفُؤَادُ مَا رَأَى﴾ (النَّجْمُ: ١١)، فَصَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
فِي الْآخِرَةِ وَالْأُولَى

41. Миғраж оқиғасы – хақ. Ақиқатында, Пайғамбар
(с.а.с.) түнгі сапарға шығарылды да, тұлғасымен бірге ояу
кейіпте аспанға көтерілген. Сосын Алла қалаған биіктікке
дейін барған. Алла оны Өзінің қалауынша ардақтады һәм
қалауынша уахи етті: «Жүрек көргені туралы (иесіне)
өтірік айтпады» (Нәжім, 11). Оған (с.а.с.) дүниеде және
ақыретте Алланың сәлемі мен салауаты болғай!

Түсіндірмесі:

Исра және Миғраж оқиғасы Пайғамбарымыздың
(с.а.с.) үлкен мұғжизасы. Алланың құдіретімен түн
ортасында Меккеден Құдыс қаласына апарылды.
Сосын жеті қат аспанға көтерілді. Сонда оған (с.а.с.)
уахи етілді және көптеген керметтерге куә болды. Біз
осы мұғжизаға кәміл сенеміз.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿سُبْحَانَ الَّذِي أَسْرَى بِعَبْدِهِ لَيْلًا مِنَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ إِلَى
الْمَسْجِدِ الْأَقْصَى الَّذِي بَارَكْنَا حَوْلَهُ لِنُرِيَهُ مِنْ آيَاتِنَا إِنَّهُ هُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Өзінің құлын [Мұхаммед
пайғамбарды (с.а.с.)] аяттарымыздан көрсету үшін
әл-Харам мешітінен Біз айналасына құт-береке
дарытқан әл-Ақса мешітіне бір түнде апарған Алла
мінсіз. Ақиқатында, Ол – Естуші һәм Көруші!»
(Исра, 1).

٤٢ – وَالْحَوْضُ الَّذِي أَكْرَمَهُ اللَّهُ تَعَالَى بِهِ – غِيَاثًا لِأُمَّتِهِ – حَقًّا

42. Алла Тағаланың оған (с.а.с.) үмбетін құтқару ретінде
тарту еткен «Әуізі» хақ.

Түсіндірмесі:

Пайғамбарға (с.а.с.) тарту етілген Әуіз – үлкен су
айдыны. Қиямет күні махшарда оның керемет суынан
мұсылмандар ішеді. Оның бастауы жәннаттағы Кәусар
дариясынан.

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنِّي فَرَطُكُمْ عَلَى الْحَوْضِ، مَنْ مَرَّ عَلَيَّ

شَرِبَ، وَمَنْ شَرِبَ لَمْ يَظْمَأْ أَبَدًا». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Пайғамбар (с.а.с.) былай дейді: «Шындығында, мен (Қиямет күні) Әуізде сендерден (үмбетімнен) бұрын боламын. Кім менің қасымнан өтсе, одан ішеді. Ал кім одан ішсе, ешқашан да шөлдемейді». (Бұхари риуаят еткен).

٤٣ – وَالشَّفَاعَةُ الَّتِي ادَّخَرَهَا لَهُمْ حَقٌّ، كَمَا رُوِيَ فِي الْأَخْبَارِ

43. Хабарларда риуаят етілгендей оның (с.а.с.) үмбетіне сақтаған шапағаты хақ.

Түсіндірмесі:

Пайғамбар (с.а.с.) Қиямет күні үмбетінің ішіндегі ауыр күнә жасағандарға шапағатшы болып, олардың азаптан құтылуына себепкер болады. Өйткені Алла Тағала оған шапағатшылық хағын берген.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَنَا سَيِّدُ وُلْدِ آدَمَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ، وَأَوَّلُ مَنْ يُنْشَقُّ عَنْهُ الْقَبْرُ، وَأَوَّلُ شَافِعٍ وَأَوَّلُ مُشَفَّعٍ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Алланың елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Мен Қиямет күні Адам ұрпақтарының төресімін, бірінші тірілетін де менмін, бірінші шапағатшы әрі шапағаты қабыл болушы да менмін». Мүслім риуаят еткен.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «شَفَاعَتِي لِأَهْلِ الْكِبَائِرِ مِنْ أُمَّتِي». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Алланың елшісі (с.а.с.) былай деген: «Үмбетімдегі ауыр күнәлілерге шапағатым болады». Термези риуаят еткен.

وَرُوِيَ عَنْهُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ قَالَ: «مَنْ أَنْكَرَ شَفَاعَتِي فَلَيْسَ لَهُ فِيهَا نَصِيبٌ». رَوَاهُ الطَّبْرَانِيُّ.

Тағы бір риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Кімде-кім менің шапағатымды теріске шығарса, оған одан үлес тимейді», – деген. Табарани риуаяты.

٤٤ – وَالْمِيثَاقُ الَّذِي أَخَذَهُ اللَّهُ تَعَالَى مِنْ آدَمَ وَذُرِّيَّتِهِ حَقٌّ

44. Алла Тағаланың Адам (а.с.) мен оның ұрпақтарынан алған әл-Мисақ уағдасы хақ.

Түсіндірмесі:

Алла Тағала Адам атаны жаратқанда оның белінен тарайтын күллі адамзат ұрпағын шығарып, барлығынан серт алған. Бұл серт «әл-Мисақ» деп аталады. Қазақтағы «әлімсақтан мұсылманбыз» деген сөздің мәні осы.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَإِذْ أَخَذَ رَبُّكَ مِنْ بَنِي آدَمَ مِنْ ظُهُورِهِمْ ذُرِّيَّتَهُمْ وَأَشْهَدَهُمْ عَلَى أَنْفُسِهِمْ أَلَسْتُ بِرَبِّكُمْ قَالُوا بَلَى شَهِدْنَا أَنْ تَقُولُوا يَوْمَ الْقِيَامَةِ إِنَّا كُنَّا عَنْ هَذَا غَافِلِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Және Раббың Адам ұрпақтарының белдерінен ұрпақтарын алып, өздеріне қарсы: «Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?» – деп (сұрап) куә қылғанда, олар: «Әлбетте, біз куәлік береміз», – деді [әл-Мисақ сертін берді]. Қиямет күні «Шындығында, біз бұл туралы ғапыл қалыппыз» деп айтпауларың үшін (сол әл-Мисақ серті алынды)» (Ағраф, 172).

٤٥ – وَقَدْ عَلِمَ اللَّهُ تَعَالَى فِيمَا لَمْ يَزَلْ عَدَدَ مَنْ يَدْخُلُ الْجَنَّةَ، وَعَدَدَ مَنْ يَدْخُلُ النَّارَ جُمْلَةً وَاحِدَةً، فَلَا يَزِيدُ فِي ذَلِكَ الْعَدَدِ وَلَا يَنْقُصُ مِنْهُ، وَكَذَلِكَ أَعْمَالُهُمْ فِيمَا عَلِمَ مِنْهُمْ أَنْ يَفْعَلُوهُ

45. Алла Тағала жұмаққа кіретіндердің санын, тозаққа кіретіндердің санын ежелден толықтай білген. Енді ол сан көбеймейді әрі азаймайды. Сондай-ақ, Ол олардың істейтін істерін де солай білген.

Түсіндірмесі:

Жаратқан Иеден жасырын қалған нәрсе жоқ. Ол жаратылыстың кешегісі мен бүгінін һәм болашағын жақсы біледі. Барлығы Оның қалауымен, өлшеп берген тағдырымен жүреді. Кімнің жұмаққа, кімнің тозаққа кіретінін біледі.

٤٦ – وَكُلُّ مَيْسَرٍ لِمَا خُلِقَ لَهُ، وَالْأَعْمَالُ بِالْخَوَاتِيمِ، وَالسَّعِيدُ مَنْ سَعِدَ بِقَضَاءِ اللَّهِ، وَالشَّقِيُّ مَنْ شَقِيَ بِقَضَاءِ اللَّهِ

46. Әрбір жан жаратылған нәрсесі үшін оңтайластырылған. Істер соңғы қорытындыларына қарай қабыл алынады. Бақытты Алланың тағдыр-талайымен бақытты, бақытсыз Алланың тағдырымен бақытсыз.

Түсіндірмесі:

Әрбір пенденің жолы жаратылған жағына қарай оңтайластырылады. Егер жұмақтық болса, жұмақтық істерге қарай, тамұқтық болса, тозақы істерге қарай бейімделеді. Бірақ істер соңғы қорытындысына қарай бағаланады. Бір кісі өмір-бақи мұсылман болып, ізгі істермен айналысып, ал өлуге жақындағанда күшірлік келтіріп өтуі мүмкін. Керісінше, бір пенде өз ғұмырында бір жақсылық істемесе де, өмірінің аяғында иман келтіріп, мүмін болып өтуі кәдік. Пенденің бақытты, бақытсыз болуы Алланың тағдырында жазылған.

٤٧ – وَأَصْلُ الْقَدَرِ سِرُّ اللَّهِ تَعَالَى فِي خَلْقِهِ، لَمْ يَطَّلِعْ عَلَى ذَلِكَ مَلَكٌ مُقَرَّبٌ، وَلَا نَبِيٌّ مُرْسَلٌ، وَالتَّعَمُّقُ وَالنَّظَرُ فِي ذَلِكَ ذَرِيعَةُ الْخُذْلَانِ، وَسُلَّمِ الْحَرَمَانَ، وَدَرَجَةَ الطُّغْيَانِ، فَالْحَذَرُ كُلُّ الْحَذَرِ مِنْ ذَلِكَ نَظَرًا وَفِكْرًا وَوَسْوَسَةً، فَإِنَّ اللَّهَ طَوَى عِلْمَ الْقَدَرِ عَنْ أَنْامِهِ، وَنَهَاهُمْ عَنْ مَرَامِهِ، كَمَا قَالَ تَعَالَى فِي كِتَابِهِ: ﴿لَا يُسْأَلُ عَمَّا يَفْعَلُ وَهُمْ يُسْأَلُونَ﴾ (الأنبياء: ٢٣)، فَمَنْ سَأَلَ: لِمَ فَعَلَ؟ فَقَدْ رَدَّ حُكْمَ الْكِتَابِ، وَمَنْ رَدَّ حُكْمَ الْكِتَابِ كَانَ مِنَ الْكَافِرِينَ

47. Негізі тағдыр Алла Тағаланың жаратылыстарындағы сыры. Оны Құдайға жақындатылған періште де, жіберілген елші де біле алмайды. Оған терең үңілу, зерттеу

сәтсіздіктің жолы, мақұрым қалудың баспалдағы, қарсы шығудың қадамы. Сондықтан бұл мәселе жайлы зерттеуден, ойланудан, азғыруға ұшыраудан аса абай болу қажет. Өйткені Алла тағдыр білімін жаратылыстарынан жасырды, оны білуге құштар болуға тыйым салды. Мысалы, Алла Тағала Кітабында былай дейді: «Ол (Алла Тағала) не істегені жайлы сұралмайды, керісінше, олар (жаратылысы) сұралады» (Әнбия, 23). Сондықтан кім «Мұны Ол (Алла) не үшін істеді?» деп сұрайтын болса, ол Кітаптың (Құранның) үкімін терістегенмен тең болады. Ал кімде-кім Кітаптың үкімін терістесе, кәпірлерден болып қалады.

Түсіндірмесі:

Тағдырға мойынсұнып, иман келтіру, Алладан тағдырының қайырлы болуын сұрау әрбір мұсылман-ның ғұмырлық міндеттерінің бірі. Алда не күтіп тұрғанын бақсы-балгерлерге, сәуегейлерге барып білуге тырысу, соған құштар болу – күпірлік. Алланың тағдыры жазылып қойған. Тек соның жақсылығын тілеуіміз керек.

٤٨ – فَهَذَا جُمْلَةٌ مَا يَحْتَاجُ إِلَيْهِ مَنْ هُوَ مُنَوَّرٌ قَلْبُهُ مِنْ أَوْلِيَاءِ اللَّهِ تَعَالَى، وَهِيَ دَرَجَةُ الرَّاسِخِينَ فِي الْعِلْمِ، لِأَنَّ الْعِلْمَ عِلْمَانِ: عِلْمٌ فِي الْخَلْقِ مَوْجُودٌ، وَعِلْمٌ فِي الْخَلْقِ مَفْقُودٌ، فَإِنْكَارُ الْعِلْمِ الْمَوْجُودِ كُفْرٌ، وَإِدْعَاءُ الْعِلْمِ الْمَفْقُودِ كُفْرٌ، وَلَا يَثْبُتُ الْإِيمَانُ إِلَّا بِقَبُولِ الْعِلْمِ الْمَوْجُودِ، وَتَرْكِ طَلْبِ الْعِلْمِ الْمَفْقُودِ.

48. Бұл айтылғандар Алланың достарынан жүрегі нұрланған жанға қажетті мәліметтердің жиынтығы һәм білімде озат болғандардың деңгейі. Өйткені білім

екіге бөлінеді: халық арасында бар білім, яғни шаригат білімі және халық арасында жоқ ғайып білімі. Бар білімді (шаригатты) жоққа шығару күпірлікке жатады және ғайып білімін білемін деп көку де күпірлік. Бар білімді қабылдап, жоқ білімді талап етуден тыйылған жағдайда ғана иман нық берік болады.

Түсіндірмесі:

Ғайып істері туралы білемін деген жан ақиқат жолынан адасады. Өйткені ол бір Алладан басқа ешкім білмейтін білім.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿قُلْ لَا يَعْلَمُ مَنْ فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ الْغَيْبَ إِلَّا اللَّهُ وَمَا يَشْعُرُونَ أَيَّانَ يُبْعَثُونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Көктегілер мен жердегілер ғайыпты білмейді. Тек Алла ғана біледі. Олар өздерінің қашан тірілетіндерін сезбейді» деп айт» (Нәміл, 65).

٤٩ – وَنُؤْمِنُ بِاللُّوْحِ وَالْقَلَمِ، وَجَمِيعِ مَا فِيهِ قَدْ رَقِمَ، فَلَوْ اجْتَمَعَ الْخَلْقُ كُلُّهُمْ عَلَى شَيْءٍ كَتَبَهُ اللَّهُ تَعَالَى فِيهِ أَنَّهُ كَائِنٌ، لِيَجْعَلُوهُ غَيْرَ كَائِنٍ لَمْ يَقْدِرُوا عَلَيْهِ، وَلَوْ اجْتَمَعُوا كُلُّهُمْ عَلَى شَيْءٍ لَمْ يَكْتُبْهُ اللَّهُ تَعَالَى فِيهِ، لِيَجْعَلُوهُ كَائِنًا لَمْ يَقْدِرُوا عَلَيْهِ، جَفَّ الْقَلَمُ بِمَا هُوَ كَائِنٌ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ

49. Біз Ләухул-Махфузга, Қаламга, сондай-ақ, сонда (Ләухул-Махфузда) жазылғанның барлығына сенеміз. Егер күллі жаратылыс жиналып, онда (Ләухул-Махфузда) Алла

Тағала болатындығын жазған нәрсенің болмауын қаласа, оған күштері жетпейді. Және егер күллі жаратылыс жиналып, Алла Тағала онда (Ләухул-Махфузда) жазбаған нәрсенің болуын қаласа да, оған күш-құдіреттері жетпейді. Өйткені Қиямет күніне дейін болатын нәрсе жайында Қалам кепкен (бәрі жазылып қойылған).

Түсіндірмесі:

«Ләухул-Махфуз» сөзі қазақша айтқанда «Сақтаулы тақта» деген мағынаны білдіреді. Ол бүкіл тіршіліктің тіршілігі белгіленген тағдыр тақтасы.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿بَلْ هُوَ قُرْآنٌ مَجِيدٌ * فِي لَوْحٍ مَحْفُوظٍ﴾

Алла Тағала былай дейді: «**Бәлки, ол – Даңқты Құран, Ләухул-Махфузда сақталған**» (Буруж, 21, 22). Мұндағы Қалам сол Ләухул-Махфузға күллі жаратылыстың тағдырын жазған қалам.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿ن وَالْقَلَمِ وَمَا يَسْطُرُونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «**Нун. Қаламға және олардың жазғандарына серт!**» (Қалам, 1).

Күллі жаратылыс жиналып Алланың жазғанын болдырмаймыз десе де ештеңе істей алмайды. Керісінше, күллі жаратылыс Алланың жазбағанын болдырамыз десе де ештеңе өзгермейді.

عَنْ بَنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللهُ عَنْهُ قَالَ كُنْتُ خَلْفَ رَسُولِ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمًا، فَقَالَ: «يَا غُلَامَ، إِنِّي أَعَلَّمُكَ كَلِمَاتٍ أَحْفَظُ اللهُ يَحْفَظُكَ، أَحْفَظُ اللهُ

تَجِدُهُ تَجَاهَكَ، إِذَا سَأَلْتَ فَاسْأَلِ اللهُ، وَإِذَا اسْتَعْنَتْ فَاسْتَعْنِي بِاللهِ، وَأَعْلَمُ أَنَّ الْأُمَّةَ لَوِ اجْتَمَعَتْ عَلَى أَنْ يَنْفَعُوكَ بِشَيْءٍ لَمْ يَنْفَعُوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ قَدْ كَتَبَهُ اللهُ لَكَ وَلَوْ اجْتَمَعُوا عَلَى أَنْ يَضُرُّوكَ بِشَيْءٍ لَمْ يَضُرُّوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ قَدْ كَتَبَهُ اللهُ عَلَيْكَ، رُفِعَتِ الْأَقْلَامُ وَحَفَّتِ الصُّحُفُ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Абдулла ибн Аббас (р.а.) былай деді: «Пайғамбардың (с.а.с.) артында келе жатқанда Ол (с.а.с.) маған: «Ей, балақай! Мен саған мына сөздерді үйретемін: Алланы сақта (яғни, жадыңнан шығарма), сонда Ол сені сақтайды. Алланы сақта, сонда оны алдыңнан табасың. Бірдеңе сұрасаң, Алладан сұра. Жәрдем тілесен, Алладан тіле. Бүкіл халық жиналып саған бір пайда келтірмек болса, тек Алла жазған нәрсені ғана келтіре алатындығын және олар саған бір зиян келтірмекке жиылса да, тек Алланың жазғанын ғана келтіре алатындығын білгейсің. Қаламдар көтерілді, парақтар кеуіп кетті (яғни, тағдыр тақтасында бәрі жазылды)», – деді. Термези риуаяты.

٥٠ – وَمَا أخطأ الْعَبْدَ لَمْ يَكُنْ لِيُصِيبَهُ، وَمَا أَصَابَهُ لَمْ يَكُنْ لِيُحِطَّهُ

50. Пенденің басына жазылмаған нәрсе оған бәрібір бұйырмайды һәм оған бұйырған нәрсе одан еш жаңылмайды.

Түсіндірмесі:

Құдайдың кез келген құлының басына жазылмаған іс бәрібір болмайды. Ал жазылған болса, ол бәрібір келеді. Біз тағдырға осылай сенеміз. Жазмыш туралы

қазақ халқы дұрыс пайымда болып, мынадай ұғымдар ұстанды. «Жазмыштан озмыш жоқ». «Қуған жетпес, бұйыртқан кетпес».

٥١ – وَعَلَى الْعَبْدِ أَنْ يَعْلَمَ أَنَّ اللَّهَ قَدْ سَبَقَ عِلْمُهُ فِي كُلِّ كَائِنٍ مِنْ خَلْقِهِ، فَقَدَّرَ ذَلِكَ تَقْدِيرًا مُحْكَمًا مُبْرَمًا، لَيْسَ فِيهِ نَاقِضٌ، وَلَا مُعَقَّبٌ، وَلَا مُزِيلٌ، وَلَا مُعَيَّرٌ، وَلَا نَاقِضٌ وَلَا زَائِدٌ مِنْ خَلْقِهِ فِي سَمَاوَاتِهِ وَأَرْضِهِ.

51. Пенде Алланың жаратылыстарында болатын нәрселерді алдын-ала білгендігін білуі тиіс. Ол (Алла) соның барлығын берік бекітілген шешімді тағдыр, мөлшер түрінде мөлшерлеп қойған. Енді оны көктер мен жердегі жаратылысынан ешбір терістеуші де, кешіктіруші де, кетіруші де, өзгертуші де, кемітуші де, көбейтуші де болмақ емес.

Түсіндірмесі:

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «قَدَّرَ اللَّهُ مَقَادِيرَ الْخَلْقِ قَبْلَ أَنْ يَخْلُقَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ بِخَمْسِينَ أَلْفَ سَنَةٍ، وَكَانَ عَرْشُهُ عَلَى الْمَاءِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Алланың елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Алла жаратылыстың тағдырларын көктер мен жерді жаратудан елу мың жыл бұрын белгілеп қойған. Аршысы судың үстінде болатын». Мүслім риуаят еткен.

عَنْ عُمَرَ بْنِ حُصَيْنٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ نَاسًا مِنْ أَهْلِ الْيَمَنِ سَأَلُوا النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالُوا: جِئْنَاكَ نَسْأَلُكَ عَنْ هَذَا الْأَمْرِ؟ قَالَ: «كَانَ اللَّهُ وَلَمْ يَكُنْ

شَيْءٌ غَيْرُهُ، وَكَانَ عَرْشُهُ عَلَى الْمَاءِ، وَكُتِبَ فِي الذِّكْرِ كُلِّ شَيْءٍ، وَخَلَقَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Имран ибн Хусайннан (р.а.) жеткен риуаятта Йеменнен келген бір адамдар Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Сізден осы іс туралы сұрағалы келдік», – дейді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Алла болды, Одан басқа ештеңе де болған жоқ. Аршысы судың үстінде болатын. Ләухул-Махфузда барлық нәрсені жазды. Сосын көктер мен жерді жаратты», – дейді. Бұхари риуаят еткен.

٥٢ – وَذَلِكَ مِنْ عَقْدِ الْإِيمَانِ، وَأُصُولِ الْمَعْرِفَةِ، وَالْإِعْتِرَافِ بِتَوْحِيدِ اللَّهِ تَعَالَى وَرُبُوبِيَّتِهِ، كَمَا قَالَ تَعَالَى فِي كِتَابِهِ: ﴿وَخَلَقَ كُلَّ شَيْءٍ فَقَدَرَهُ تَقْدِيرًا﴾ (الْقُرْآنُ: ٢). وَقَالَ تَعَالَى: ﴿وَكَانَ أَمْرُ اللَّهِ قَدْرًا مَقْدُورًا﴾ (الْأَحْزَابُ: ٣٨).

52. Осылар – иманның түйіні, магрифат-танымның негіздері, Алланың таухиді мен Раббылығын мойындау болып табылады. Алла Тағала Кітабында былай дейді: «Ол әрбір нәрсені жаратты да, оны белгілі өлшеммен мөлшерлеп қойды». (Фурқан, 2). Және былай дейді: «Алланың әмірі – шешілген шешім (тағдыр)!» (Ахзаб, 38).

Түсіндірмесі:

Осы айтылғандардың барлығы иманның негізі, Алла Тағаланы Раббы деп танудың өзегі болып табылатын ұстынды ұстанымдар.

٥٣ – فَوَيْلٌ لِّمَن صَارَ لِلَّهِ تَعَالَى فِي الْقَدْرِ حَصِيمًا، وَأَحْضَرَ لِلنَّظَرِ فِيهِ قَلْبًا سَقِيمًا، لَقَدْ التَّمَسَّ بِوَهْمِهِ فِي فَحْصِ الْغَيْبِ سِرًّا كَتِيمًا، وَعَادَ بِمَا قَالَ فِيهِ أَفَاكًا أُنِيمًا.

53. Тағдыр туралы Алла Тағаламен дауласқан, ол туралы дертті жүрекпен терең бойлаған жанға нендей өкініш! Долбарымен ғайып білімнен тылсым сырды тінтиді. Ол туралы айтқан сөзімен жалғаншы күнәһарға айналады.

Түсіндірмесі:

Тағдырға сенбеген немесе тағдыр туралы көп дауласқан адам ақиқаттан адасады. Күпірлік сөздері арқылы күнәһар болып қалады. Ең дұрыс шешім – иманның бір шарты болып табылатын тағдырға кәміл иман келтіру.

٥٤ – وَالْعَرْشُ وَالْكَرْسِيُّ حَقٌّ

54. Аршы және Күрсі – хақ.

Түсіндірмесі:

«Аршы» сөзі тілдік жағынан алып қарағанда «патшаның тағы» деген мағынаға саяды. «Күрсі» де «тақ», «орынтақ» деген мағынаны білдіреді. Аршы мен Күрсіні кейбір ғалымдар бір нәрсе десе, көпшілік ғалымдар екеуі екі жаратылыс, Күрсі Аршының алдындағы нәрсе деп түсіндірген. Қалай болғанда екеуі де Алла Тағаланың ұлы жаратылыстары. Ардақты аяттар мен хадистерде Аршының аса зор жаратылыс екендігі туралы, оны сегіз алып періште

көтеріп тұратындығы туралы айтылады. Ал Күрсінің бүкіл ғаламнан үлкендігі баяндалған. Бұдан басқа олардың ақиқат болмысы туралы нақтылы мәлімет жоқ. Сондықтан да ғайып істеріне жатады. Оларға иман келтіру парыз.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَهُوَ رَبُّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Ол (Алла) – ұлы Аршының Иесі» (Тәубе, 129).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Оның (Алланың) Күрсісі көктер мен жерді қамтиды...» (Бақара, 255).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَيَحْمِلُ عَرْشَ رَبِّكَ فَوْقَهُمْ يَوْمَئِذٍ ثَمَانِيَةَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Сол күні (Қиямет күні) Раббыңның Аршысын сегіз (періште) үстерінде көтеріп тұрады» (Хаққа, 17).

٥٥ – وَهُوَ مُسْتَعْنٍ عَنِ الْعَرْشِ وَمَا دُونَهُ، مُحِيطٌ بِكُلِّ شَيْءٍ وَفَوْقَهُ، وَقَدْ أَعْجَزَ عَنِ الْإِحَاطَةِ خَلْقَهُ

55. Ол – Алла Аршыға да, одан басқаға да мұқтаж емес. Барлық нәрсені білімімен қамтыған һәм барлығынан жоғары. Әрі жаратылыстарын ондай қамтудан дәрменсіз еткен.

Түсіндірмесі:

Алла Тағала Аршыны, Күрсінi һәм басқа да жаратылысты мұқтаждықтан жаратқан жоқ.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّ اللَّهَ لَغَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Ақиқатында, Алла әлемдерден Бай [ештеңеге мұқтаж емес]» (Анкабут, 6).

٥٦ – وَنَقُولُ: إِنَّ اللَّهَ اتَّخَذَ إِبْرَاهِيمَ خَلِيلًا، وَكَلَّمَ اللَّهُ مُوسَى تَكْلِيمًا، إِيْمَانًا وَتَصَدِيقًا وَتَسْلِيمًا

56. Және де біз шынайы иман келтіріп, растап әрі мойындай отырып: «Шындығында, Алла Ибраһимді (а.с.) Өзіне халил (жақын дос) тұтты, Мұсамен (а.с.) сөйлесті» дейміз.

Түсіндірмесі:

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَاتَّخَذَ اللَّهُ إِبْرَاهِيمَ خَلِيلًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Алла Ибраһимді халил тұтты» (Ниса, 125).

«Халил» сөзі «жақын дос», «сүйікті» деген мағыналарды береді.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَكَلَّمَ اللَّهُ مُوسَى تَكْلِيمًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Алла Мұсамен тілдесті» (Ниса, 164).

٥٧ – وَنُؤْمِنُ بِالْمَلَائِكَةِ وَالنَّبِيِّينَ، وَالْكِتَابِ الْمُنَزَّلَةِ عَلَى الْمُرْسَلِينَ، وَنَشْهَدُ أَنَّهُمْ كَانُوا عَلَى الْحَقِّ الْمُبِينِ

57. Періштелерге, пайгамбарларға және елшілерге түсірілген кітаптарға иман келтіреміз һәм олардың барлығының айқын ақиқатта болғандарына куәлік береміз.

Түсіндірмесі:

Біз Алла Тағаланың әмірін екі етпейтін ықыласты құлдары, ерекше жаратқан жаратылыстары – періштелердің барлығына сенеміз.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «خُلِقَتِ الْمَلَائِكَةُ مِنْ نُورٍ وَخُلِقَ الْجَانُ مِنْ مَارِجٍ مِنْ نَارٍ وَخُلِقَ آدَمُ مِمَّا وُصِفَ لَكُمْ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Періштелер нұрдан жаратылды, жындар оттың жалынынан жаратылды. Ал Адам өздеріңе сипатталған нәрседен (топырақтан) жаратылды». Мүслім риуаят еткен.

Періштелердің сан алуан түрлері бар. Ең үлкендері Жебірейіл, Микаил, Исрафил, Өзірейіл періштелер. Олардан басқа Аршыны көтеруші періштелер, пенденің іс-әрекетін жазып отыратын ардақты жазушылар, қабірде сұрақ қоятын періштелер, жұмақ пен тамұқтың періштелері сияқты сан алуан періштелер бар.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿آمَنَ الرَّسُولُ بِمَا أُنزِلَ إِلَيْهِ مِنْ رَبِّهِ وَالْمُؤْمِنُونَ كُلٌّ آمَنَ بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Елші мен мүміндер оған [елшіге] Раббысынан түсірілгенге иман келтірді. Барлығы Аллаға және Оның періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне иман келтірді...» (Бақара, 285).

Біз Құдай Тағаланың пайғамбарларының барлығына иман келтіреміз. Олардың арасын бөле-жармаймыз. Ең соңғы пайғамбар күллі жаратылыстың абзалы сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) екендігіне кәміл сенеміз.

Сондай-ақ, Алланың түсірген Кітаптарына толық иман келтіреміз.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَقُلْ آمَنْتُ بِمَا أَنْزَلَ اللَّهُ مِنْ كِتَابٍ﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Алланың Кітаптан түсіргенінің бәріне иман келтірдім» деп айт...» (Шура, 15).

Раббы Тағаланың періштелеріне, пайғамбарларына, Кітаптарына иман келтіру сенімнің негіздері болып табылады. Ал олардың кейбірін терістеу, не оларға шүбә келтіру күшірлікке жатады.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَنْ يَكْفُرْ بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَقَدْ ضَلَّ ضَلَالًا بَعِيدًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Ал кім Аллаға және Оның періштелеріне, Кітаптарына, ақырет күніне күшірлік қылса, ол алысқа адасады» (Ниса, 136).

٥٨ — وَنُسَمِّيْ أَهْلَ قِبْلَتِنَا مُسْلِمِيْنَ مُؤْمِنِيْنَ، مَا دَامُوا بِمَا جَاءَ بِهِ النَّبِيُّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُعْتَرِفِيْنَ، وَلَهُ بِكُلِّ مَا قَالَ وَأَخْبَرَ مُصَدِّقِيْنَ

58. Біз Пайғамбар (с.а.с.) жеткізгеннің барлығын және оның өзін һәм ол айтқан, шыншылдар хабарлаған нәрселерді мойындаған құбыламызға бет бұрғандардың барлығын мұсылмандар, мүміндер деп атаймыз.

Түсіндірмесі:

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ صَلَّى صَلَاتِنَا، وَاسْتَقْبَلَ قِبْلَتَنَا، وَأَكَلَ ذَبِيحَتَنَا فَذَلِكَ الْمُسْلِمُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Кім біз сияқты намаз оқып, құбыламызға бет түзіп, шалған құрбандығымыздан ауыз тисе, ол – мұсылман». Бұхари риуаят еткен.

٥٩ — وَلَا نُحُوضُ فِي اللهِ، وَلَا نُمَارِي فِي دِينِ اللهِ

59. Біз Алланың Өзі туралы терең бойламаймыз әрі Алланың діні жайында дауласпаймыз.

Түсіндірмесі:

Алла Тағаланың Өзі, сипаттары туралы терең зерттеп, талас-тартысқа түспейміз. Алланың діні туралы дауласпаймыз.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنَّ أَبْغَضَ الرَّجَالِ إِلَى اللَّهِ الْأَلْدُ الْخَصِيمُ»
رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Алланың Елшісі (с.а.с.) былай деген: «Аллаға ең жеккөрінішті адам – адуынды дауес». Бұхари мен Мұслім риуаят еткен.

٦٠ – وَلَا يُجَادِلُ فِي الْقُرْآنِ، وَنَشَهُدُ أَنَّهُ كَلَامُ رَبِّ الْعَالَمِينَ، نَزَلَ بِهِ الرُّوحُ الْأَمِينُ، فَعَلَّمَهُ سَيِّدُ الْمُرْسَلِينَ مُحَمَّدًا صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَعَلَى آلِهِ أَجْمَعِينَ، وَهُوَ كَلَامُ اللَّهِ تَعَالَى لَا يُسَاوِيهِ شَيْءٌ مِنْ كَلَامِ الْمَخْلُوقِينَ، وَلَا نَقُولُ بِخَلْقِهِ، وَلَا نُخَالِفُ جَمَاعَةَ الْمُسْلِمِينَ

60. Құран туралы да дауласпаймыз. Оның әлемдердің Раббысының сөзі екендігіне куәлік береміз. Оны Рухул-Әмин (Жәбірейл періште) түсіріп, елшілердің мырзасы Мұхаммедке (с.а.с.) үйреткен. Ол – Алла Тағаланың сөзі, онымен жаратылыстардың сөзі теңесе алмайды. Біз оны жаратылған деп айтпаймыз және ол туралы жамигы мұсылмандарға қарсы келмейміз.

Түсіндірмесі:

Құран – Алла Тағаланың сөзі. Кейбір адасушы топтар айтқандай жаратылған дүние емес. Діни ұстанымдарда жалпы мұсылман үмбетімен қарсы келмейміз.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «عَلَيْكُمْ بِالسُّوَادِ الْأَعْظَمِ» رَوَاهُ أَحْمَدُ وَالطَّبْرَانِيُّ.

Алланың Елшісі (с.а.с.): «Жалпы мұсылман бұқарасымен бір болыңдар!» – деп өсиет еткен. Бұхари мен Мұслім риуаят еткен.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا تَجْتَمِعُ أُمَّتِي عَلَى الضَّلَالَةِ» رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Алланың Елшісі (с.а.с.) былай деген: «Менің үмбетім адасушылыққа бірікпейді». Бұхари мен Мұслім риуаят еткен. Яғни басым көпшілігінің адасуда болуы мүмкін емес.

٦١ – وَلَا نُكْفِّرُ أَحَدًا مِنْ أَهْلِ الْقِبْلَةِ بِذَنْبٍ، مَا لَمْ يَسْتَحِلَّهُ، وَلَا نَقُولُ: لَا يَضُرُّ مَعَ الْإِيمَانِ ذَنْبٌ لِمَنْ عَمِلَهُ

61. Құбылаластардың ешбірін күнәсы үшін, егер оны дұрыс деп санамаса, кәпір деп айтпаймыз және имандының істеген күнәсінің зияны жоқ демейміз.

Түсіндірмесі:

Қандай да бір мұсылманды істеген күнәсі үшін кәпір деп айтпаймыз. Егер харамды халал деп жатса, оның жөні басқа. Иманы бар адамға істеген күнәсі әсер етпейді деп те айтпаймыз.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِذَا قَالَ الرَّجُلُ لِأَخِيهِ: يَا كَافِرُ، فَقَدْ بَاءَ بِهَا أَحَدُهُمَا، إِنْ كَانَ كَمَا قَالَ وَإِلَّا رَجَعَتْ عَلَيْهِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Алланың елшісі (с.а.с.) былай деген: «Егер бір адам өзінің бауырына: «Ей, кәпір!» – деп айтса, ол айтқандай болса да (сол сөзден) ол екеуінің бірі бәлеге ұшырайды. Олай болмаса (яғни, ол кәпір болмаса) ол сөз өзіне қайтады». Бұхари мен Мұслим риуаят еткен.

٦٢ – وَنَرْجُو لِلْمُحْسِنِينَ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ أَنْ يَغْفُوَ عَنْهُمْ، وَيُدْخِلَهُمُ الْجَنَّةَ بِرَحْمَتِهِ، وَلَا نَأْمَنُ عَلَيْهِمْ، وَلَا نَشْهَدُهُمْ بِالْجَنَّةِ، وَنَسْتَغْفِرُ لِمُسِيئِهِمْ، وَنَخَافُ عَلَيْهِمْ، وَلَا نَقْنَطُهُمْ

62. Мүміндердің көркем іс қылушыларына Алланың кешірім қылып, рахымымен жәннатқа кіргізуін үміт етеміз. Алайда біз олар қауіпсіз демейміз, оларға жұмақ болатындығына куәлік бермейміз. Олардың жамандықтары үшін жарылқау тілейміз, олар үшін уайымдаймыз, бірақ оларды түңілдірмейміз.

Түсіндірмесі:

Бүкіл мұсылмандарға жақсылық тілейміз. Олардың жәннаттық болғандарын қалаймыз. Біреуді кесіп-пішіп жұмақтық деп те айта алмаймыз, Рахманның рахымынан түңілдіре де алмаймыз. Күллі мүміндерге жарылқау тілейміз.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَنْ يَقْنَطُ مِنْ رَحْمَةِ رَبِّهِ إِلَّا الضَّالُّونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Раббысының рахымынан адасқандардан басқа кім күдер үзеді?» (Хижр, 56).

٦٣ – وَالْأَمْنُ وَالْإِيَّاسُ يَنْقُلَانِ عَنِ مِلَّةِ الْإِسْلَامِ، وَسَبِيلُ الْحَقِّ بَيْنَهُمَا لِأَهْلِ الْقِبْلَةِ

63. (Алланың қаһарынан) қауіпсіздік және (рахымынан) түңілу Ислам дінінен шығарады. Осы екеуінің арасындағы хақ жолы құбыла жұртына тән сипат.

Түсіндірмесі:

Жаббар Иенің азабынан аман қалдым деп есептеу де, рахымына бөлендім, жұмақтықпын деп тоқмейілсіп ойлау күнә әрі Ислам дінінен шығаратын амал. Мұсылман баласы осы екі шектің ортасын ұстануы тиіс.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿أَفَأَمِنُوا مَكْرَ اللَّهِ فَلَا يَأْمَنُ مَكْرَ اللَّهِ إِلَّا الْقَوْمُ الْخَاسِرُونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Әлде олар Алланың айласынан қауіпсіз бе екен? Алланың айласынан зиянға ұшыраған қауым ғана аманбыз деп ойлайды» (Ағраф, 99).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّهُ لَا يَيْئَسُ مِنْ رَوْحِ اللَّهِ إِلَّا الْقَوْمُ الْكَافِرُونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Алланың рахымынан кәпір қауымнан басқалар күдер үзбейді» (Жүсіп, 87).

٦٤ – وَلَا يَخْرُجُ الْعَبْدُ مِنَ الْإِيمَانِ إِلَّا بِجُحُودٍ مَا أَدْخَلَهُ فِيهِ

64. Пенде өзін иманға кіргізген ұғымдарды терістемейінше иманнан шықпайды.

Түсіндірмесі:

Мұсылман баласы иман шарттарын терістемейінше діннен шықпайды. Кейбір адасушы топтар айтқандай, үлкен күнә жасауымен иманнан жүрдай болмайды.

٦٥ – وَالْإِيمَانُ: هُوَ الْإِقْرَارُ بِاللِّسَانِ، وَالتَّصَدِيقُ بِالْجَنَانِ، وَجَمِيعُ مَا صَحَّ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنَ الشَّرْعِ وَالْبَيَانِ كُلُّهُ حَقٌّ. وَالْإِيمَانُ وَاحِدٌ، وَأَهْلُهُ فِي أَصْلِهِ سَوَاءٌ، وَالتَّفَاضُلُ بَيْنَهُمْ بِالْحَشِيَّةِ وَالتُّقَى، وَمُخَالَفَةُ الْهَوَى، وَمُلَازِمَةُ الْأَوْلَى

65. Иман – тілмен мойындау және жүрекпен растау. Шаригат және баяндауға байланысты Алланың елшісінен (с.а.с.) дұрыс жолмен жеткен хабарлардың барлығы хақ. Иман – біреу және мүміндер негізінен тең. Араларындағы айырмашылық Құдайдан қорқу, тақуалық, нәпсімен күресу, ең лайықты ұстанымды ұстану тұрғысынан ғана болады.

Түсіндірмесі:

Иманның негізі жүректе, айғағы тілде. Яғни, тек тілмен айту жеткіліксіз, жүрекпен бекіту қажет. Жүректе болған жағдайда ділге енеді де, іс амалда көрініс табады. Сол себепті намаз сияқты парыздарды орындамай жүрген дініне салғырт-салақ тіл мұсылмандарды имансыз деп айта алмаймыз. Иманның негізі бір, иман иелері де, негізінен, тең. Ардақтылары – ең тақуалары.

٦٦ – وَالْمُؤْمِنُونَ كُلُّهُمْ أَوْلِيَاءُ الرَّحْمَنِ

66. Мүміндердің барлығы ар-Рахманның достары.

Түсіндірмесі:

Иман келтірген жандардың барлығы Құдай Тағаланың қамқорында. Сондықтан да олардың барлығы басқалардан гөрі Аллаға жақын құлдар.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿اللَّهُ وَلِيُّ الَّذِينَ آمَنُوا يُخْرِجُهُمْ مِنَ الظُّلُمَاتِ إِلَى النُّورِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Алла – иман келтіргендердің қамқоршысы, оларды қараңғылықтан нұрға шығарады...» (Бақара, 257).

٦٧ – وَأَكْرَمُهُمْ عِنْدَ اللَّهِ أَطْوَعُهُمْ وَأَتَّبَعُهُمْ لِلْقُرْآنِ

67. Алланың алдында ең ардақтылары – ең көп бойсұнгандары мен Құранмен ең көп амал еткендері.

Түсіндірмесі:

Мүміндердің арасындағы ең басты артықшылық мансап та, байлық та, билік те, тектілік те, қабілеттілік те, сұлулық та, шешендік те, таланттылық та, дарындылық та, тәжірибе де, тіпті, білім де емес, олардың арасындағы ең басты артықшылық – тақуалық. Яғни, кім Құдайдан көбірек қорқып, тақуалық танытса, Оның әмірін орындап, тыйымынан тыйылса, сол пенденің ғана мерейі үстем болмақ.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّ أَكْرَمَكُمْ عِنْدَ اللهِ أَتْقَاكُمْ﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Асылында, Алланың алдында ең ардақтыларың – ең тақуаларың...» (Хужурат, 13).

٦٨ – وَالْإِيمَانُ: هُوَ الْإِيمَانُ بِاللَّهِ، وَمَلَائِكَتِهِ، وَكُتُبِهِ، وَرُسُلِهِ، وَالْيَوْمِ الْآخِرِ، وَالْقَدَرِ خَيْرِهِ وَشَرِّهِ، وَحُلُوهِ وَمُرِّهِ مِنَ اللهِ تَعَالَى

68. Иман – Аллаға, Оның періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, ақырет күніне және тағдырға: оның жақсылығы да, жамандығы да, ащысы да, тәттісі де Алла Тағаладан екендігіне сену.

Түсіндірмесі:

Иман осы аталған алты шарты түгел болғанда ғана кәміл болады. Бұл негіздердің асылы ардақты аяттар мен шарапатты хадистерде жатыр.

قَالَ رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنِ الْإِيمَانِ: «أَنْ تُؤْمِنَ بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَتُؤْمِنَ بِالْقَدَرِ خَيْرِهِ وَشَرِّهِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Алланың елшісі (с.а.с.) иманның анықтамасы туралы: «Иман – Аллаға, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне сенуің, жақсылық-жамандық тағдырға сенуің», – деген. Мүслім риуаят еткен.

قَالَ رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «الْإِسْلَامُ: أَنْ تَشْهَدَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللهُ وَأَنَّ

مُحَمَّدًا رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَتُقِيمَ الصَّلَاةَ وَتُؤْتِيَ الزَّكَاةَ وَتَصُومَ رَمَضَانَ وَتُحَاجَّ الْبَيْتَ إِنْ اسْتَطَعْتَ إِلَيْهِ سَبِيلًا». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Алланың елшісі (с.а.с.): «Ислам – Алладан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммед Оның елшісі екендігіне куәлік беруің, намаз оқуың, зекет беруің, рамазанда ораза тұтуың, жолына күшің жетсе Алланың үйіне (Меккеге) қажылық жасауың», – деді.

قَالَ: فَأَخْبِرْنِي عَنِ الْإِحْسَانِ؟ قَالَ: «أَنْ تَعْبُدَ اللهَ كَأَنَّكَ تَرَاهُ فَإِنْ لَمْ تَكُنْ تَرَاهُ فَإِنَّهُ يَرَاكَ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Ол (Пайғамбар (с.а.с.)): «Аллаға көріп тұрғандай ғибадат қылуың, тіпті сен оны көрмесең де, Ол сені көреді», – деді. Мүслім риуаяты.

٦٩ – وَحُجْنُ الْمُؤْمِنُونَ بِذَلِكَ كُفْلِهِ، لَا نَفْرَقُ بَيْنَ أَحَدٍ مِنْ رُسُلِهِ، وَنُصِدِّقُهُمْ كُلَّهُمْ عَلَى مَا جَاءُوا بِهِ

69. Біз осының барлығына иман келтірдік және пайғамбарлардың ешбірін бөле-жармаймыз, олардың барлығын жеткізген жолдауларымен растаймыз.

Түсіндірмесі:

Біз осы аталған қағидалардың барлығына толық мойынсұнып, иман келтірдік. Жаратқанның жаһанға жіберген елшілерінің ешқайсысын терістемейміз. Олардың бірін бірінен аламай, барлығына түгел сендік.

٧٠ – وَأَهْلُ الْكِبَائِرِ مِنْ أُمَّةٍ مُحَمَّدٌ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي النَّارِ لَا يُخَلَّدُونَ، إِذَا مَاتُوا وَهُمْ مُوَحَّدُونَ، وَإِنْ لَمْ يَكُونُوا تَائِبِينَ، بَعْدَ أَنْ لَقُوا اللَّهَ عَارِفِينَ، وَهُمْ فِي مَشِيَّتِهِ وَحُكْمِهِ: إِنْ شَاءَ غَفَرَ لَهُمْ وَعَفَا عَنْهُمْ بِفَضْلِهِ، كَمَا ذَكَرَ عَزَّ وَجَلَّ فِي كِتَابِهِ: ﴿وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ﴾ (النِّسَاءُ: ٤٨، ١١٦)، وَإِنْ شَاءَ عَذَّبَهُمْ فِي النَّارِ بَعْدَ ذَلِكَ، ثُمَّ يُخْرِجُهُمْ مِنْهَا بِرَحْمَتِهِ وَشَفَاعَةِ الشَّافِعِينَ مِنْ أَهْلِ طَاعَتِهِ، ثُمَّ يَبْعَثُهُمْ إِلَى جَنَّتِهِ، وَذَلِكَ بِأَنَّ اللَّهَ تَعَالَى تَوَلَّى أَهْلَ مَعْرِفَتِهِ، وَلَمْ يَجْعَلْهُمْ فِي الدَّارَيْنِ كَأَهْلِ نُكْرَتِهِ، الَّذِينَ خَابُوا مِنْ هِدَايَتِهِ، وَلَمْ يَنَالُوا وَلَايَتَهُ. اللَّهُمَّ يَا وَلِيَّ الْإِسْلَامِ وَأَهْلِهِ، ثَبِّتْنَا عَلَى الْإِسْلَامِ حَتَّى نَلْقَاكَ بِهِ

70. Мұхаммед (с.а.с.) үмбетінен үлкен күнә істегендер егер Алланы бір деп өткен болса, тіпті, тәубе қылмаған болса да, Аллаға Оны таныған күйде барғаннан кейін тозақта мәңгі қалмайды. Сосын олар Алланың қалауы мен үкімінде: қаласа, оларды кеңшілігімен кешіріп, гафу етеді. Мысалы, Құранда айтқаны сияқты: «Ал одан [серік қосудан] басқаны қалағанына кешіреді» (Ниса, 48, 116). Және егер қаласа, оларды әділдігімен тозақта азаптайды. Сосын оларды Өзінің рахымымен және Өзіне бойсұнгандардан шыққан шапағатшылардың шапағатымен тозақтан шығарады. Содан кейін оларды жұмаққа жібереді. Себебі, Алла Тағала Өзін таныған мағрифат иелерін дос тұтқан. Оларды екі дүниеде де һидаятынан құр қалып, достығына жете алмаған Өзін танымайтын кәпірлер қауымы сықылды етпейді. Уа, Алла! Ислам мен оның жұртының Қамқоры! Бізді Өзіңе жолыққанға дейін Ислам дінінде нық тұрғызғайсың!

Түсіндірмесі:

Құдай Тағалаға серік қоспай, мұсылман болып өткен жан тозақта мәңгі-бақи қалмайды. Бірақ басқа күнәсына қарай лайықты жазасын алуы мүмкін. Ең бастысы, осы дүниеде күнәларына тәубе етіп, құлшылық-тағаттан танбауы тиіс. Қалғаны Алланың қалауында: қаласа, тозақта азаптайды, қаласа, рахымына бөлеп, жұмаққа кіргізеді. Әйтсе де, Хақ Тағала Өзін хақ деп таныған құлдарын кәпір құлдарымен тең қылмақ емес. Біз, мүміндер, Жаратқанның жарылқауынан үміт етеміз.

٧١ – وَنَرَى الصَّلَاةَ خَلْفَ كُلِّ بَرٍّ وَفَاجِرٍ مِنْ أَهْلِ الْقِبْلَةِ، وَعَلَى مَنْ مَاتَ مِنْهُمْ

71. Біз Құбыла жұртының кез келген игі-жақсысының да, бұзығының да артында намаз оқуға болады деп көреміз. Және де олардың бүкіл өмірден өткендеріне де жаназа намаз оқуға болады дейміз.

Түсіндірмесі:

Мұсылман қоғамының бірлігі үшін, дініміздің баяндылығы үшін кез келген жақсылы-жаманды имамның артында намаз оқимыз. Ол намаздың жауапкершілігі сол жауапкершілікті мойнына алған жетекшіге жүктеледі. Сондай-ақ, өмірден мұсылман болып өткен кез келген жанға жаназа оқу жөн деп білеміз.

٧٢ – وَلَا نُنَزِّلُ أَحَدًا مِنْهُمْ جَنَّةً وَلَا نَارًا

72. Олардың ешбірін жұмақта, не тозақта деп айтпаймыз.

Түсіндірмесі:

Дүниеден өткен мүміндерді жұмақта, не тамұқта деп кесіп-пішіп айта алмаймыз. Өткені ол бір Аллаға ғана аян ғайып істердің қатарына жатады.

۷۳ – وَلَا نَشْهَدُ عَلَيْهِمْ بِكُفْرٍ وَلَا بِشِرْكٍ وَلَا بِنِفَاقٍ، مَا لَمْ يَظْهَرْ مِنْهُمْ شَيْءٌ مِنْ ذَلِكَ، وَنَذَرُ سَرَائِرَهُمْ إِلَى اللَّهِ تَعَالَى

73. Егер де анық байқалмаса, оларды күпірлікте, серік қосуда, не екіжүзділікте айыптап, куәлік бермейміз. Жан-дүниесін Алла Тағалаға тапсырамыз.

Түсіндірмесі:

Мұсылмандарды кәпір, мүшрік, мұнафық деп айтуға ауымыз бармайды. Олай куәгерлік ете алмаймыз. Тек сол сипаттары анық белгілі болғанда ғана айта аламыз. Өзін Ислам дініндемін деп есептейтін жанның барлығын мұсылман санаймыз. Олардың ішкі шынайы пиғылдарын, ұстанымдарын бір Аллаға тапсырамыз. Ақидасын, иманын қазбалап сұрау, тергеу біздің міндетіміз емес.

۷۴ – وَلَا نَرَى السَّيْفَ عَلَى أَحَدٍ مِنْ أُمَّةٍ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَّا مَنْ وَجَبَ عَلَيْهِ السَّيْفُ

74. Тек қылыш көтеру уәжіп болған жағдайдан тыс Мұхаммед (с.а.с.) үмбетінің біреуіне қарсы қылыш көтерілмеуі тиіс деп білеміз.

Түсіндірмесі:

Мұсылмандардың бір-біріне қылыш көтеріп өлтіруі аса зор күнә. Хадисте айтылғандай олардың екеуі де тозаққа кетуі ықтимал. Тек қоғамға, мұсылмандардың бірлігіне қауіп төндіретін лаңкестер мен бүлікшілердің көзін жою уәжіп.

۷۵ – وَلَا نَرَى الْخُرُوجَ عَلَى أُمَّتِنَا وَوَلَاةَ أُمُورِنَا، وَإِنْ جَارُوا، وَلَا نَدْعُو عَلَيْهِمْ، وَلَا نَنْزِعُ يَدًا مِنْ طَاعَتِهِمْ، وَنَرَى طَاعَتَهُمْ مِنْ طَاعَةِ اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ فَرِيضَةً، مَا لَمْ يَأْمُرُوا بِمَعْصِيَةٍ، وَنَدْعُو لَهُمْ بِالصَّلَاحِ وَالْمُعَافَاةِ

75. Имамдарымыз бен істерімізді басқаратын басшыларымызға, тіпті, олар қиянат қылса да қарсы шықпаймыз. Оларды қарғамаймыз, бағынудан бас тартпаймыз. Өйткені оларға бағынуды, егер де олар күнәге бұйырмаса, құдіретті де ұлы Аллаға бағынудың бір бөлігі, міндетті парыз деп есептейміз. Оларға Алладан туралық пен саламат-саулық тілеп дұға қыламыз.

Түсіндірмесі:

Ел басқарған басшыларымыз бен жетекшілерімізге қарсы шықпаймыз. Тіпті, олардың басқару жүйесі дұрыс болмаса да, оларға бағынуымыз керек. Өйткені ел арасын ала тайдай бұзатын бүлікшілдік одан да зор қатер. Басшыға бағыну Құдай Тағалаға бағынудың бір шарты деуге болады. Тек олар мұсылмандарды

күнәлі істерге, имансыздыққа бұйырмаса болды. Ел ағаларына Жаратқаннан тауфиқ пен тура жол тілеп дұға қыламыз.

٧٦ – وَتَتَّبِعُ السُّنَّةَ وَالْجَمَاعَةَ، وَتَحْتَنِبُ الشُّدُودَ وَالْخِلَافَ وَالْفُرْقَةَ

76. Біз Сүннетке, жамағатқа ілесеміз. Одан ауытқудан, араздықтан және бөлінушіліктен аулақтаймыз.

Түсіндірмесі:

Пайғамбардың (с.а.с.) сүннетінен айнымайтын, жамағаттың бірлігінен айрылмайтын топтың жолындамыз. Осы тура жолдан ауытқудан, алауыздықтан, топ-топқа бөлінуден сақтанамыз.

٧٧ – وَنُحِبُّ أَهْلَ الْعَدْلِ وَالْأَمَانَةِ، وَنُبْغِضُ أَهْلَ الْجَوْرِ وَالْحِيَانَةِ

77. Әділеттілер мен сенімділерді жақсы көреміз, сондай-ақ жәбірлеушілер мен опасыздарды жек көреміз.

Түсіндірмесі:

Әділдік пен сенімділікті ту еткен ізгі жандарды ұнатамыз. Зорлық-зомбылық пен қиянатқа бейім жұртты ұнатпаймыз.

٧٨ – وَنَقُولُ: اللَّهُ أَعْلَمُ، فِيمَا اشْتَبَهَ عَلَيْنَا عِلْمُهُ

78. Өзіміз білмеген нәрселер туралы «Алла – ең жақсы білуші» дейміз.

Түсіндірмесі:

Өзіміз білмеген, өреміз жетпеген мәселелердің шешімін Алла Тағала біледі деп айтамыз. Бәрін білемдікке салынып, өзеурей беру мұсылманның сипаты емес.

٧٩ – وَتَرَى الْمَسْحَ عَلَى الْخُفَّيْنِ، فِي السَّفَرِ وَالْحَضَرِ، كَمَا جَاءَ فِي الْأَثَرِ

79. Хабарларда айтылғандай, сапарда да, тұрақта да мәсіге мәсіх тартуды жөн деп білеміз.

Түсіндірмесі:

Хадистерде баяндалған мәсі кию мәселесін құптаймыз. Дәрет алғанда оны шешпей-ақ, сыртынан мәсіх тартуға болатындығын білеміз. Мәсінің сипаты мен шарттары шарифат кітаптарында анықталған.

٨٠ – وَالْحُجُّ وَالْجِهَادُ مَاضِيَانِ مَعَ أَوْلِي الْأَمْرِ مِنَ الْمُسْلِمِينَ، بَرَّهُمْ وَفَاجِرِهِمْ، إِلَى قِيَامِ السَّاعَةِ، لَا يُبْطَلُهُمَا شَيْءٌ وَلَا يَنْقُضُهُمَا

80. Қажылық пен жиһад мұсылмандардың жақсылы-жаманды жетекшілерінің жетекшілігімен Қиямет күніне дейін жалғасатын болады. Бұл екі істі ешбір нәрсе тоқтата да, жоққа шығара да алмайды.

Түсіндірмесі:

Қажылық парызын орындау, мұсылмандардың игілігі үшін күресу Қиямет күніне дейін толастамайтын істер. Жиһадтың мән-мағынасы мен түрлері шарифат кітаптарында баяндалған.

۸۱ – وَنُؤْمِنُ بِالْكَرَامِ الْكَاتِبِينَ، فَإِنَّ اللَّهَ قَدْ جَعَلَهُمْ عَلَيْنَا حَافِظِينَ

81. Біз ардақты жазушы періштелердің бар екендігіне сенеміз. Алла оларды біздерге қадағалаушы етіп белгілеген.

Түсіндірмесі:

Әрбір пенденің істерін жазу жүктелген жазарман періштелер бар. Біз олардың барлығына кәміл түрде иланамыз. Олар біздің істерімізді бақылап отыратын періштелер.

۸۲ – وَنُؤْمِنُ بِمَلَكَ الْمَوْتِ، الْمُؤَكَّلِ بِقَبْضِ أَرْوَاحِ الْعَالَمِينَ

82. Және әлемдердің, яки жындар мен адамдардың рухтарын алу жүктелген өлім періштесінің бар екендігіне де сенеміз.

Түсіндірмесі:

Өзірейіл періштенің жандылардың жанын алатындығына иман келтіреміз.

۸۳ – وَبِعَذَابِ الْقَبْرِ لَمَنْ كَانَ لَهُ أَهْلًا، وَسُؤَالِ مُنْكَرٍ وَنَكِيرٍ فِي قَبْرِهِ عَنْ رَبِّهِ وَدِينِهِ وَنَبِيِّهِ، عَلَى مَا جَاءَتْ بِهِ الْأَخْبَارُ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، وَعَنْ الصَّحَابَةِ رِضْوَانُ اللَّهِ عَلَيْهِمْ. وَالْقَبْرِ رَوْضَةً مِنْ رِيَاضِ الْجَنَّةِ، أَوْ حُفْرَةً مِنْ حُفْرِ النَّيْرَانِ

83. Сондай-ақ, Алла Елшісі (с.а.с.) мен сахабалардан (р.а.) жеткен хабарларға сүйене отырып, лайықты болған

жандарға қабір азабы болатындығына, қабірде Мүнкәр және Нәкир атты періштелер пендеге Раббысы, діні және пайғамбары туралы сұрақ қоятындығына сенеміз. Қабір – жұмақ бақтарынан бірі немесе тозақ шұңқырларының бірі.

Түсіндірмесі:

Адам өлгеннен кейін қабірде болатын жайттарға сенеміз. Егер лайықты болса, қабір азабын тартатындығын білеміз. Қабірде әрбір пендені Мункәр және Нәкир атты періштелер сұрақтың астына алатындығына иман келтіреміз. Әрбір қабір не жұмақ бағы, не тозақ шұңқыры болып саналады.

۸۴ – وَنُؤْمِنُ بِالْبَعْثِ وَجَزَاءِ الْأَعْمَالِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ، وَالْعَرْضِ وَالْحِسَابِ، وَقِرَاءَةِ الْكِتَابِ، وَالتَّوَابِ وَالْعِقَابِ، وَالصِّرَاطِ وَالْمِيزَانِ

84. Қиямет күнінде қайта тірілетіндігімізге, амалдардың қарымтасы берілетіндігіне, іс-амалдар ұсынылып, есеп алынатындығына, амал кітабының оқылатындығына, сауап пен жаза берілетіндігіне және Сырат көпірі пен амал таразысына иман келтіреміз.

Түсіндірмесі:

Қиямет күні болатын ғайып істерге толықтай сенеміз. Сонда әрбір пенде өлгеннен соң қайта тіріледі. Іс-әрекеттерінің қарымтасын алады. Амалдар алға тартылып, есебі беріледі. Әрбір пенденің амал кітабы оқылып, соған сай сыйы, не жазасы болады. Қыл көпір мен амал таразысы тартылады.

٨٥ — الْجَنَّةُ وَالنَّارُ مَخْلُوقَتَانِ، لَا تَفْنَيَانِ أَبَدًا وَلَا تَبِيدَانِ، وَإِنَّ اللَّهَ تَعَالَى خَلَقَ الْجَنَّةَ وَالنَّارَ قَبْلَ الْخَلْقِ، وَخَلَقَ لَهُمَا أَهْلًا، فَمَنْ شَاءَ مِنْهُمْ إِلَى الْجَنَّةِ فَضْلًا مِنْهُ، وَمَنْ شَاءَ مِنْهُمْ إِلَى النَّارِ عَدْلًا مِنْهُ، وَكُلٌّ يَعْمَلُ لِمَا قَدْ فُرِغَ لَهُ، وَصَائِرُ إِلَى مَا خُلِقَ لَهُ. وَالْخَيْرُ وَالشَّرُّ مُقَدَّرَانِ عَلَى الْعِبَادِ

85. Жәннат пен тозақ жаратылған. Олар ешқашан жойылмайды һәм жоғалмайды. Ақиқатында, Алла Тағала жәннат пен тозақты басқа жаратылыстардан бұрын жаратты және ол екеуіне лайықтыларды жаратты. Олардан қалағанын кеңшілігімен жәннатқа кіргізеді, қалағанын әділдігімен тозаққа түсіреді. Әрбір жаратылыс өзіне арналғанына сай іс қылады және жаратылған жағына қарай барады. Жақсылық пен жамандық пенделерге жазылып қойған.

Түсіндірмесі:

Жұмақ пен тозақтың барлығына иман келтіреміз. Құдай Тағала құлдарын Өз қалауынша жұмақ пен тозақтың біреуіне кіргізеді. Олардың тұрғындарының кім екендігін алдын ала біледі. Пенденің пешенесіне жақсылық пен жамандық жазылып қойылған.

٨٦ — وَالْإِسْتِطَاعَةُ الَّتِي يَجِبُ بِهَا الْفِعْلُ مِنْ نَحْوِ التَّوْفِيقِ الَّذِي لَا يَجُوزُ أَنْ يُوصَفَ الْمَخْلُوقُ بِهِ فَهِيَ مَعَ الْفِعْلِ، وَأَمَّا الْإِسْتِطَاعَةُ مِنْ جِهَةِ الصَّحَّةِ وَالْوُسْعِ وَالتَّمَكُّنِ وَسَلَامَةِ الْأَلَاتِ فَهِيَ قَبْلَ الْفِعْلِ، وَبِهَا يَتَعَلَّقُ الْخِطَابُ، وَهُوَ كَمَا قَالَ تَعَالَى: ﴿لَا يُكَلِّفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا﴾ (البقرة: ٢٨٦).

86. Адамның күш-құдірет сипаты ешбір жаратылыс өздігінен жете алмайтын тауфиқ, яғни істің сәтті шығуы жағынан алып қарағанда (яғни, ішкі күші) іспен бірге болады. Ал денсаулығы, шама-шарқы, мүмкіндігі, құралдардың саулығы жағынан алып қарағанда күш-құдірет (яғни, сыртқы күші) істен бұрын болады. Алла Тағала айтқандай: «Алла ешбір жанға мүмкіндігінен тыс нәрсені жүктемейді» (Бақара, 286).

Түсіндірмесі:

Істің бітуі Алла беретін тауфиқ-сәттілікке тәуелді. Адам жақсылы-жаманды істерін өзі жаратпайды, өздігінен жасай алмайды. Істі орындаудың ішкі мүмкіндігі Алла жаратқан іспен қатар жүретін күш. Ал сыртқы мүмкіндік Алла жаратқан істен бұрын болатын күш. Шариғат белгілеген парыздар, жүктемелер осы сыртқы мүмкіндікке байланысты. Сондықтан да Жаратқан Ие әрбір пендеге мүмкіндігі келетінді жүктеген. Бұл жерде адамда мүмкіндік жоқ, тек жазылғанды атқаруға мәжбүр деген жәбрия сияқты адасқан топтарға жауап бар.

٨٧ — وَأَفْعَالُ الْعِبَادِ خَلْقُ اللَّهِ، وَكَسَبٌ مِنَ الْعِبَادِ

87. Пенделердің іс-әрекеттері – Алланың жаратылысы және пенделердің тапқан нәрсесі.

Түсіндірмесі:

Істерді Құдай Тағала жаратқан. Олардың жақсысын не жаманын пенде таңдайды да, Алланың қалауымен іске асырады. Бұл адасқан топтарға берілген жауап.

Муътазила тобы пенде ісін өзі жаратады десе, жәбриялар пенденің ісін Алла жаратты, оның таңдауы жоқ, тек жазылып қойылғанды атқарады деп адасқан.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿وَاللَّهُ خَلَقَكُمْ وَمَا تَعْمَلُونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Алла сендерді және істеріңді жаратты» (Саффат, 96).

٨٨ - وَلَمْ يُكَلِّفَهُمُ اللهُ تَعَالَى إِلَّا مَا يُطِيقُونَ، وَلَا يُطِيقُونَ إِلَّا مَا كَلَّفَهُمْ وَهُوَ تَفْسِيرٌ: «لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ». نَقُولُ: لَا حِيلَةَ لِأَحَدٍ، وَلَا حَرَكَةَ لِأَحَدٍ وَلَا تَحْوِيلَ لِأَحَدٍ عَنِ مَعْصِيَةِ اللهِ إِلَّا بِمَعُونَةِ اللهِ، وَلَا قُوَّةَ لِأَحَدٍ عَلَى إِقَامَةِ طَاعَةِ اللهِ وَالثَّبَاتِ عَلَيْهَا إِلَّا بِتَوْفِيقِ اللهِ. وَكُلُّ شَيْءٍ يَجْرِي بِمَشِيئَةِ اللهِ تَعَالَى وَعِلْمِهِ وَقَضَائِهِ وَقَدَرِهِ، غَلَبَتْ مَشِيئَتُهُ الْمَشِيئَاتِ كُلَّهَا. وَغَلَبَ قَضَاؤُهُ الْحَيْلَ كُلَّهَا، يَفْعَلُ مَا يَشَاءُ وَهُوَ غَيْرُ ظَالِمٍ أَبَدًا، تَقَدَّسَ عَنِ كُلِّ سُوءٍ وَحَيْنٍ، وَتَنَزَّهَ عَنِ كُلِّ عَيْبٍ وَشَيْنٍ، ﴿لَا يُسْأَلُ عَمَّا يَفْعَلُ وَهُمْ يُسْأَلُونَ﴾ (الأنبياء: ٢٣).

88. Алла Тағала құлдарына тек олар көтере алатынды ғана жүктеген. Әрі олар сол жүктелген парыздарды ғана көтере алады. Бұл «Лә хәулә уә лә қууәтә иллә билләһ», яғни «Алладан басқа күш те, қуат та жоқ» деген сөздің түсіндірмесі. Біз: «Аллаға асылық қылудан аман сақтайтын қандай да бір айла, не қам-қарекет ешкімде жоқ, ол тек Алланың жәрдемімен ғана болады. Сондай-ақ, Аллаға гибадат-тағат қыларлық күш-қуат, тек Алланың тауфиғы болмаса, ешбір жанда болмайды», – дейміз. Барлық нәрсе Алланың қалауымен, білуімен, шешімімен,

тағдырымен ғана болады. Оның қалауы бүкіл қалаулардан жоғары, шешімі бүкіл айлалардан жоғары. Ол қалағанын жасайды. Ол ешқашан құлдарына қиянат қылмайды, кез келген жамандықтан, жойылудан ада, кез келген кемшілік пен нақыстықтан таза. «Ол (Алла Тағала) не істегені жайлы сұралмайды, керісінше, олар (жаратылысы) сұралады» (Әнбия, 23).

Түсіндірмесі:

Алла Тағала пенделеріне күштері жететін жүктемелер жүктеген. Барлық іс Алланың құдіретінсіз, қалауынсыз, білімінсіз жүзеге аспайды. Пенделеріне қиянат жасамайды.

٨٩ - وَفِي دُعَاءِ الْأَحْيَاءِ وَصَدَقَاتِهِمْ مَنْفَعَةٌ لِلْأَمْوَاتِ

89. Тірілердің дұға-тілектері мен садақалары өлгендерге пайда береді.

Түсіндірмесі:

Тірілер Құдай Тағаладан өлілерге кешірім тілеп дұға қылатын болса, марқұмдарға оның пайдасы тиеді. Сондықтан да тірілерге өлілер үшін жаназа намазын оқу парыз етілген. Һәм бұл тұрғыда қасиетті аяттар мен хадистерде дәлелдер жеткілікті.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿وَالَّذِينَ جَاءُوا مِنْ بَعْدِهِمْ يَقُولُونَ رَبَّنَا اغْفِرْ لَنَا وَلِإِخْوَانِنَا الَّذِينَ سَبَقُونَا بِالْإِيمَانِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ал олардан [мүһәжірлер мен ансарлардан] кейін келгендерге болса: «Раббымыз! Бізді және бізден бұрын иман келтірген бауырларымызды кешіре гөр!» – дейді...» (Хашр, 10).

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اللَّهُمَّ لِأَحْيَائِنَا وَارْحَمِ مَوْتَانَا». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Алланың елшісі (с.а.с.): «Уа, Алла! Тірілеріміздің күнәсін кешір, өлілерімізді рахымыңа бөле!» – деп дұға қылатын. Ахмет риуаят еткен.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «إِذَا مَاتَ الْإِنْسَانُ انْقَطَعَ عَمَلُهُ إِلَّا مِنْ ثَلَاثٍ: صَدَقَةٌ جَارِيَةٌ أَوْ عِلْمٌ يُنْتَفَعُ بِهِ أَوْ وَالدَّ صَالِحٌ يَدْعُو لَهُ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Алланың Елшісі (с.а.с.): «Адам өлгенде оның үш нәрсесінен – тоқтаусыз садақасы, не пайда келтіретін білімі немесе артынан дұға қылатын игі жақсы баласынан басқа барлық амалы тоқтайды», – деген. Мүслім риуаят еткен.

Құран оқып, не басқадай ізгі іс қылып, оның сауабын марқұмға бағыштаса да, пайдасы тиеді.

٩٠ – وَاللَّهُ تَعَالَى يَسْتَجِيبُ الدَّعَوَاتِ، وَيَقْضِي الْحَاجَاتِ

90. Алла Тағала дұға-тілектерді қабыл етеді, құлдарының қажеттіліктерін өтеп береді.

Түсіндірмесі:

Алла Тағала құлдарының дұғаларына жауап береді, тілектерін орындайды. Басты мәселе, дұғалар шарттарына сай болуы тиіс.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَقَالَ رَبُّكُمْ ادْعُونِي أَسْتَجِبْ لَكُمْ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Раббыларың: «Маған жалбарыныңдар, сендерге жауап беремін», – деді...» (Ғафыр, 60).

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَإِذَا سَأَلَكَ عِبَادِي عَنِّي فَإِنِّي قَرِيبٌ أُجِيبُ دَعْوَةَ الدَّاعِ إِذَا دَعَانِ فَلْيَسْتَجِيبُوا لِي وَلْيُؤْمِنُوا بِي لَعَلَّهُمْ يَرْشُدُونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ал егер құлдарым сенен Мен туралы сұрайтын болса, расында, Мен жақынмын, дұға қылушы дұға қылғанда жауап беремін. Сондықтан олар Маған жауап қатып, Маған иман келтірсін, бәлкім, дұрыс жолда болар» (Бақара, 186).

٩١ – وَبِمَلِكٍ كُلِّ شَيْءٍ، وَلَا يَمْلِكُهُ شَيْءٌ. وَلَا غِنَى عَنِ اللَّهِ تَعَالَى طَرَفَةَ عَيْنٍ. وَمَنْ اسْتَعْنَى عَنِ اللَّهِ طَرَفَةَ عَيْنٍ، فَقَدْ كَفَرَ، وَصَارَ مِنْ أَهْلِ الْحَيْنِ

91. Ол бүкіл нәрсеге иелік қылады, Оны ешнәрсе де иемдене алмайды. Қас қағым мезет болса да Алла Тағалаға

мұқтажсыз болу мүмкін емес. Кімде-кім өзін қас-қағым мезет Аллаға мұқтаж емесін десе, онда кәпір болады да, апатқа ұшырағандардан болып қалады.

Түсіндірмесі:

Құдайдың қалауынсыз қурай да түспейді. Ол бүкіл жаратылыстың Иесі. Одан тәуелсіз болу мүмкін емес. Олай ойлаудың өзі күпірлік.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ أَنْتُمُ الْفُقَرَاءُ إِلَى اللَّهِ وَاللَّهُ هُوَ الْغَنِيُّ
الْحَمِيدُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ей, адамдар! Сендер Аллаға мұқтажсыңдар, ал Алла, Ол – Бай (Мұқтаж емес) һәм Мақтауды» (Фатыр, 15).

٩١ – وَاللَّهُ يَغْضَبُ وَيَرْضَى، لَا كَأَحَدٍ مِنَ الْوَرَى

92. Алла ашуланады, разылық танытады, бірақ бұл жаратылыстың біреуінікіндей де емес.

Түсіндірмесі:

Құран Кәрімде айтылған Алла Тағаланың ашулануы, разы болуы туралы сипаттарына қалтқысыз иман келтірдік. Алайда ол сипаттар жаратылыстардың сипатындай емес.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Оған (Аллаға) ұқсас ештеңе жоқ! Әрі Ол – Естуші һәм Көруші!» (Шура, 11).

٩٢ – وَنَحِبُّ أَصْحَابَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، وَلَا نَفَرُّ فِي حُبِّ أَحَدٍ مِنْهُمْ. وَلَا نَتَبَرَّأُ مِنْ أَحَدٍ مِنْهُمْ، وَنُبْغِضُ مَنْ يُبْغِضُهُمْ، وَبَعِيرُ الْحَقِّ يَذْكُرُهُمْ، وَلَا نَذْكُرُهُمْ إِلَّا بِالْخَيْرِ، وَحُبُّهُمْ دِينٌ وَإِيمَانٌ وَإِحْسَانٌ، وَبُغْضُهُمْ كُفْرٌ وَنِفَاقٌ وَطُغْيَانٌ

93. Біз Алла Елшісінің (с.а.с.) сахабаларын жақсы көреміз. Алайда оларға деген сүйіспеншілігімізде шектен шықпаймыз. Әрі олардың біреуінен де бас тартпаймыз. Оларды ұнатпайтын, олар жайында теріс сөз айтатындарды ұнатпаймыз. Сахабалар туралы тек игі сөз айтамыз. Оларды сүю – дін, иман және ихсан, ал оларды ұнатпау – күпірлік, екіжүзділік және әділетсіздік.

Түсіндірмесі:

Өйткені Алланың Елшісі (с.а.с.) айтқандай, сахабалар адамзат ұрпақтарының ішіндегі ең абзал толқын. Алла Тағала Пайғамбардың (с.а.с.) жолдастарын өзіне лайықты еткен әрі оларды қасиетті аяттарында мақтаған. Олар туралы Тәурат пен Інжілде де айтылған.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ وَالَّذِينَ مَعَهُ أَشِدَّاءُ عَلَى الْكُفَّارِ رُحَمَاءُ بَيْنَهُمْ تَرَاهُمْ رُكْعًا سُجَّدًا يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِنَ اللَّهِ وَرِضْوَانًا سِيمَاهُمْ فِي وُجُوهِهِمْ مِنْ أَثَرِ السُّجُودِ ذَلِكَ مَثَلُهُمْ فِي التَّوْرَةِ وَمَثَلُهُمْ فِي الْإِنْجِيلِ كَرَزِعٍ أُخْرِجَ شَطَآهُ فَازَرَهُ فَاسْتَغْلَظَ فَاسْتَوَى عَلَى سُوقِهِ يُعْجِبُ الزُّرَّاعَ لِيغِيظَ بِهِمُ الْكُفَّارَ وَعَدَّ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ مِنْهُمْ مَغْفِرَةً وَأَجْرًا عَظِيمًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «Мұхаммед – Алланың елшісі. Ал онымен бірге жүргендер кәпірлерге айбарлы, өз араларында мейірбан, сен оларды (Аллаға) иіліп, сәжде етіп (намаз оқып) Алладан кеңшілік пен разылық тілеп жатқандарын көресің. Олардың белгілері – жүздеріндегі сәжденің ізі. Бұл – олардың Тәураттағы сипаты. Ал олардың Інжілдегі сипаты бүршігін шығарып, күшейтіп, сосын жуандаған, сосын сабағына тік тұрып егіншілерді таңдандырған егін сияқты. Олар (мол егін – мұсылмандар) арқылы (Алла) кәпірлерді ызаландырады. Алла олардан иман келтіріп, ізгі іс істегендерге кешірім мен зор сый уәде етті!» (Фатх, 29).

عُمَرَ وَابْنَ عَبَّاسٍ وَجَابِرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ مَرْفُوعًا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «أَصْحَابِي كَالنُّجُومِ بَأْيِهِمْ اقْتَدَيْتُمْ اهْتَدَيْتُمْ». رَوَاهُ الدَّارِمِيُّ.

Омар (р.а.), Ибн Аббас (р.а.) және Жәбірден (р.а.) жеткен бір риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) былай дейді: «Сахабаларым жұлдыздар секілді, олардың қайсысын бағдарласандар да тура жол табасыңдар». Дарими риуаят еткен.

Оларды ұнатпау, біреуін теріске шығару күпірлікке апаратын күнә.

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اللَّهُ، اللَّهُ فِي أَصْحَابِي، لَا تَتَّخِذُوهُمْ غَرَضًا مِنْ بَعْدِي، فَمَنْ أَحَبَّهُمْ فَبِحُبِّي أَحَبَّهُمْ، وَمَنْ أَبْغَضَهُمْ فَبِبُغْضِي أَبْغَضَهُمْ، وَمَنْ آذَاهُمْ فَكَأَنَّمَا آذَانِي، وَمَنْ آذَى اللَّهَ كَانَ النَّارَ لَهُ أُولَى». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ فِي التَّارِيخِ الْكَبِيرِ وَأَحْمَدُ وَالتِّرْمِذِيُّ.

Пайғамбар (с.а.с.): «Сахабаларым туралы (жаман сөз айтуға) Алладан қорқыңдар! Менен кейін оларды нысанаға алып жүрмеңдер. Кім оларды ұнатса, мен де оны жақсы көремін. Ал кім оларды ұнатпаса, мен де оны жек көремін. Кім оларға зәбір көрсетсе, маған зәбір көрсеткенімен тең. Ал кім маған зәбір көрсетсе, ол Аллаға зәбір көрсетеді. Кім Аллаға зәбір көрсетсе, ол тозаққа лайық болады». Бұхари, Ахмет, Термези жеткізген хадис.

٩٤ - وَنُتِبَتُ الْخِلَافَةَ بَعْدَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَوْلًا لِأَبِي بَكْرٍ الصِّدِّيقِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، تَفْضِيلًا لَهُ وَتَقْدِيمًا عَلَيَّ جَمِيعِ الْأُمَّةِ، ثُمَّ لِعُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، ثُمَّ لِعُثْمَانَ بْنِ عَفَّانٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، ثُمَّ لِعَلِيِّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، وَهُمْ الْخُلَفَاءُ الرَّاشِدُونَ وَالْأئِمَّةُ الْمُهْتَدُونَ

94. Біз халифалықтың Алла Елшісі (с.а.с.) өмірден өткеннен кейін алдымен бүкіл үмбеттің алды болғандығы мен артықшылығы үшін Әбу Бәкір Сыддықты (р.а.) лайықты болғандығын қуаттаймыз. Сосын Омар ибн Хаттабтың (р.а.), одан кейін Осман ибн Аффанның (р.а.), сосын Әли ибн Әбу Талибтің (р.а.) лайықты болғандығын қуаттаймыз. Олар турашыл ізгі халифалар және һидаятты имамдар.

Түсіндірмесі:

Алланың Елшісі (с.а.с.) дүниеден өткеннен кейін мұсылмандардың ортақ келісімі бойынша тағайындалған ізгі халифалардың артықшылығын нақтылаймыз.

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «عَلَيْكُمْ بِسُنَّتِي وَسُنَّةِ الْخُلَفَاءِ الرَّاشِدِينَ الْمُهَدِّدِينَ مِنْ بَعْدِي، تَمَسَّكُوا بِهَا». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ وَالتِّرْمِذِيُّ وَابْنُ مَاجَةَ.

Пайғамбар (с.а.с.) кейінгі үмбетіне: «Менің сүннетіммен және менен кейінгі ізгі турашыл халифалардың жолымен жүріңдер. Осыны берік ұстаныңдар!» – деп өсиет еткен. Әбу Дәуіт, Термези, Ибн Мәже риуаят еткен.

٩٥ – وَأَنَّ الْعَشْرَةَ الَّذِينَ سَمَّاهُمْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَبَشَّرَهُمْ بِالْجَنَّةِ، عَلَى مَا شَهِدَهُ لَهُمْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، وَقَوْلُهُ الْحَقُّ، وَهُمْ: أَبُو بَكْرٍ، وَعُمَرُ، وَعُثْمَانُ، وَعَلِيٌّ، وَطَلْحَةُ، وَالزُّبَيْرُ، وَسَعْدٌ، وَسَعِيدٌ، وَعَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنِ عَوْفٍ، وَأَبُو عُبَيْدَةَ بْنُ الْجَرَّاحِ وَهُوَ أَمِينُ هَذِهِ الْأُمَّةِ، رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ أَجْمَعِينَ

95. Сондай-ақ, Алла Елшісі (с.а.с.) он сахабасының есімдерін атап, жұмақпен сүйіншілегендігін Алла Елшісінің (с.а.с.) берген куәлігіне мойындаймыз. Алла Елшісінің (с.а.с.) сөзі хақ. Ол сахабалар: Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли, Талха, Зубайр, Сағд, Сағид, Абдурахман ибн Ауф және осы үмбеттің сенімді қамқоры атанған Әбу Убайда ибн әл-Жаррах, Алла олардың барлығынан разы болсын!

Түсіндірмесі:

Алланың Елшісі (с.а.с.) кейбір сахабаларының жұмақтық екендіктерін тірі кездерінде айтқан. Біз бұл хабарларға кәміл сенеміз.

٩٦ – وَمَنْ أَحْسَنَ الْقَوْلِ فِي أَصْحَابِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، وَأَزْوَاجِهِ الطَّاهِرَاتِ مِنْ كُلِّ دَنْسٍ، وَذُرِّيَّاتِهِ الْمُقَدَّسِينَ مِنْ كُلِّ رِجْسٍ، فَقَدْ بَرِيَ مِنَ النَّفَاقِ

96. Кімде-кім Алла Елшісінің (с.а.с.) сахабалары, қандай да бір төмендіктен пәк жұбайлары һәм қандай да бір ластықтардан таза ұрпақтары туралы көркем сөз сөйлесе, ол екіжүзділіктен ада болады.

Түсіндірмесі:

Сахабалар үмбеттің көшбасшылары. Алдыңғы толқын мұсылмандар, адамзаттың шынайы иман мен салихалық салтанат құрған алтын ғасырының өкілдері. Олар туралы тек жақсы сөз айту қажет. Алла Тағала оларға разы болды, оларды жұмақпен сүйіншілеген.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَالسَّابِقُونَ الْأُولُونَ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ وَالْأَنْصَارِ وَالَّذِينَ اتَّبَعُوهُمْ بِإِحْسَانٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا ذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ал (Алла жолында қоныс аударған) мұһәжірлер мен (мәдиналық) ансарлардың (иманға) басқалардан озып барған алғашқылары мен олардың іздеріне ізгілікпен ілескендерге Алла разы болды һәм олар да Оған дән риза. (Алла) оларға астарынан өзендер ағатын, олар мәңгі-бақи қалатын жұмақ бақшаларын дайындап қойған. Бұл – зор табыс!» (Тәубе, 100).

Пайғамбардың (с.а.с.) жұбайлары – күллі мұсылмандар үшін ардақты аналар. Алла Тағала олардың мәртебелерін басқа әйел затынан биіктеткен.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿النَّبِيُّ أَوْلَىٰ بِالْمُؤْمِنِينَ مِنْ أَنفُسِهِمْ وَأَزْوَاجُهُ أُمَّهَاتُهُمْ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Пайғамбар мүміндерге ең жақын жан. Ал жұбайлары – олардың аналары...» (Ахзаб, 6).

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿يَا نِسَاءَ النَّبِيِّ لَسْتُنَّ كَأَحَدٍ مِنَ النِّسَاءِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Уа, Пайғамбардың жұбайлары! Сендер басқа әйелдер сияқты емесіңдер...» (Ахзаб, 33).

Олар туралы зәредей теріс сөз айтпақ түгілі, әбес ой ойлаудың өзі күнә. Өйткені Пайғамбардың (с.а.с.) жұбайлары күллі мұсылмандардың рухани аналары. Сондай-ақ, Алла Елшісінің (с.а.с.) ұрпақтары туралы да көркем сөз сөйлеу әрбір мүмінге уәжіп іс. Бұл шариғат бойынша бекітілген үкім және әр намаз соңында Пайғамбармен (с.а.с.) бірге оларға да салауат айтамыз.

٩٧ – وَعُلَمَاءُ السَّلَفِ مِنَ السَّابِقِينَ، وَمَنْ بَعْدَهُمْ مِنَ التَّابِعِينَ – أَهْلُ الْخَيْرِ وَالْأَثَرِ، وَأَهْلُ الْفَقْهِ وَالنَّظَرِ – لَا يُذَكَّرُونَ إِلَّا بِالْجَمِيلِ، وَمَنْ ذَكَرَهُمْ بِسُوءٍ فَهُوَ عَلَىٰ غَيْرِ السَّبِيلِ

97. Алдыңғы толқын ғалымдары мен олардан кейінгі табиғиндер – қайырлы да өнегелілер, білгір де ойшылдар көркем түрде ғана еске алынуы тиіс. Кімде-кім олар жайлы жаман сөз айтса, ол тура жолда емес.

Түсіндірмесі:

Ислам тарихында аттары алтын әріппен жазылған ғұламаларды сыйлау, оларды қастерлеп құрмет тұту әрбір мұсылманға міндетті іс. Олар ұлтына, мазһабына қарамастан исі мұсылманға ортақ, еліктеуге лайықты тұлғалар. Айтар болсақ, төрт мазһаб имамдары, олардың ішінде ұлы имам Әбу Ханифа сияқты және Құран ілімдері, тәпсір, хадис, шариғат, ақида, сира, тарих, филология, философия һәм тағы басқа да ғылым салаларында алтынға айырбастамайтын құны өшпес дүниелер қалдырған Пайғамбар (с.а.с.) мирасқорларын жатсынбай жанына жақын көру, ұстаз тұту әрбір мұсылманның бойынан табылуы тиіс қасиет. Сондай-ақ, қазіргідей заманда дініміз үшін қызмет етіп жүрген білімді азаматтарға, иман нұрын таратып жүрген имамдарға жанашырлық танытып, оларды қолдау да шынайы мұсылмандықтың белгісі.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿يَرْفَعِ اللهُ الَّذِينَ آمَنُوا مِنْكُمْ وَالَّذِينَ أُوتُوا الْعِلْمَ دَرَجَاتٍ﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Алла сендерден иман келтіргендер мен білім берілгендерді дәрежелерге көтереді...» (Мужәдәлә, 11).

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Негізінде, Алладан білім-дар құлдары ғана қорқады...» (Фатыр, 28).

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿هَلْ يَسْتَوِي الَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَالَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?...» (Зумәр, 9).

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنَّ الْعُلَمَاءَ وَرَثَةُ الْأَنْبِيَاءِ، إِنْ الْأَنْبِيَاءَ لَمْ يورثوا ديناراً ولا درهماً إنما ورثوا العلم فمن أخذه أخذ بحظ وافر». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Пайғамбар (с.а.с.) кейінгі үмбетіне: «Менің сүннетім-мен және менен кейінгі ізгі турашыл халифалардың жолымен жүріңдер. Осыны берік ұстаныңдар!» – деп өсиет еткен. Термези риуаят еткен.

قَالَ رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «خَيْرُكُمْ مَنْ تَعَلَّمَ الْقُرْآنَ وَعَلَّمَهُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ، وَالتِّرْمِذِيُّ، وَأَبُو دَاوُدَ.

Алланың Елшісі (с.а.с.): «Сендердің ең қайырлыларың Құранды үйренгендерің және оны басқаларға үйреткендерің», – деген. Бұхари, Термези, Әбу Дәуіт риуаят еткен.

٩٨ – وَلَا نُفَضِّلُ أَحَدًا مِنَ الْأَوْلِيَاءِ عَلَى أَحَدٍ مِنَ الْأَنْبِيَاءِ عَلَيْهِمُ السَّلَامُ، وَنَقُولُ: نَبِيٌّ وَاحِدٌ أَفْضَلُ مِنْ جَمِيعِ الْأَوْلِيَاءِ

98. Әулиелердің ешбірін пайғамбарлардың (а.с.) біреуінен артық көрмейміз. Бір пайғамбар бүкіл әулиелерден артық деп айтамыз.

Түсіндірмесі:

Әулиелік деңгей пайғамбарлықтан төмен тұрады. Сондықтан әулиелерді асыра құрметтеп, Пайғамбарды (с.а.с.) ұмыт қалдыруға болмайды. Ақиқатында, есімін ұлықтап, қадірлеп, қастерлеуге, еліктеуге, атымен тәуәсул жасауға ең лайықты жаң, ол – Алланың Елшісі (с.а.с.).

٩٩ – وَنُؤْمِنُ بِمَا جَاءَ مِنْ كَرَامَاتِهِمْ، وَصَحَّ عَنِ الثَّقَاتِ مِنْ رِوَايَاتِهِمْ

99. Әулиелердің сенімді хабар жеткізушілердің дұрыс риуаяттары арқылы жеткен кереметтеріне сенеміз.

Түсіндірмесі:

Әулиелердің кереметтерін жоққа шығармаймыз. Кереметтер туралы сенімді жолмен жеткен хабарларға сенеміз. Мысалы, Құранда айтылған Сүлеймен пайғамбарға Сәбә патшайымының тағын қас-қағым сәтте әкеп берген білім иесінің кереметіне, Мариямға берілген әулиелік кереметтерге иланамыз.

١٠٠ – وَنُؤْمِنُ بِأَشْرَاطِ السَّاعَةِ: مِنْ خُرُوجِ الدَّجَالِ، وَنُزُولِ عِيسَى ابْنِ مَرْيَمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ مِنَ السَّمَاءِ، وَنُؤْمِنُ بِطُلُوعِ الشَّمْسِ مِنْ مَغْرِبِهَا، وَخُرُوجِ دَابَّةِ الْأَرْضِ مِنْ مَوْضِعِهَا

100. Қиямет күнінің белгілеріне: Дажжалдың шығуына, Мариям Исаның (а.с.) көктен түсуіне, күннің батыстан шығуына және Дәббәтул-ардтың орнынан шығатынына сенеміз.

Түсіндірмесі:

Заманақыр зауалдарының сөзсіз болатындығына иман келтіреміз. Олар кіші белгілер және үлкен белгілер болып бөлінеді. Кіші белгілеріне кейбіріне куә болып та жатырмыз. Оның барлығы хадистерде айтылған.

۱۰۱ – وَلَا نُصَدِّقُ كَاهِنًا وَلَا عَرَافًا، وَلَا مَنْ يَدَّعِي شَيْئًا يُخَالِفُ الْكِتَابَ وَالسُّنَّةَ
وَإِجْمَاعَ الْأُمَّةِ

101. Біз ешқандай сәуегейді, көріпкелді және Құран мен Сүннетке, үмбеттің бірауызды пікіріне қайшы келетін нәрсені айтқандарды растамаймыз.

Түсіндірмесі:

Бақсы-балгер, сәуегей, көріпкелдердің біреуіне сенбейміз. Олардың айтқандарын құптау – күпірлік. Ислам ұстанымдарына, үмбеттің біртұтас көзқарасына қарсы келетін кез келген пікір теріске шығарылады.

۱۰۲ – وَنَرَى الْجَمَاعَةَ حَقًّا وَصَوَابًا، وَالْفُرْقَةَ زَيْغًا وَعَدَابًا

102. Жамағатпен бірге болуды хақ әрі дұрыс деп, ал бөлінушілікті адасу әрі азапқа апаратын жол деп санаймыз.

Түсіндірмесі:

Ұстанымда сүннет жолымен жүретін көпшілік мұсылмандармен бір болу нағыз иман келтірген жанның қасиеті. Ал жамағаттан жырақ жүру, бұқараның имани ұстанымына қарсы келу азапқа душар ететін адасушылық.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا تَجْتَمِعُ أُمَّتِي عَلَى ضَلَالَةٍ، فَإِذَا رَأَيْتُمْ
اِخْتِلَافًا فَعَلَيْكُمْ بِالسُّوَادِ الْأَعْظَمِ». رَوَاهُ السُّيُوطِيُّ.

Алланың Елшісі (с.а.с.) былай деп өсиет етеді: «Менің үмбетім адасушылыққа жиналмайды. Егер көп қарама-қайшылықтарды көрсеңдер, қалың көпшілікпен бір болыңдар». Әс-Суюти риуаят еткен.

Демек, Мұхаммед (с.а.с.) үмбетінің барлығы бірдей адасуда болуы мүмкін емес. Қазіргідей алуан түрлі пікір қайшылықтары орын алған жағдайда әрбір мұсылман үмбеттің басым көпшілігі ұстанған хақ жолынан айрылмауы тиіс. Ал мұсылман үмбетінің басым көпшілігі Матуриди және Ашғари танымдық мазһабтарын ұстанады. Жамағат арасына іріткі салатын ат төбеліндей адасушы топтардан барынша аулақ болмақ керек.

۱۰۳ – وَدِينُ اللَّهِ فِي الْأَرْضِ وَالسَّمَاءِ وَاحِدٌ، وَهُوَ دِينُ الْإِسْلَامِ. قَالَ اللَّهُ تَعَالَى:
﴿إِنَّ الدِّينَ عِنْدَ اللَّهِ الْإِسْلَامُ﴾ (آلِ عِمْرَانَ: ۱۹)، وَقَالَ تَعَالَى: ﴿وَرَضِيْتُ
لَكُمْ الْإِسْلَامَ دِينًا﴾ (الْمَائِدَةُ: ۳).

103. Алланың діні жерде де, көкте де біреу, ол – Ислам діні. Алла Тағала былай дейді: «Ақиқатында, Алланың құзырындағы дін – Ислам» (Әл Имран, 19-аят). Және былай дейді: «Сендерге Исламды дін етуді қош көрдім» (Маида, 3-аят).

Түсіндірмесі:

Жердегі адамзат пен жын үшін де, көктегі періштелер үшін де дін біреу, ол – Ислам діні. Осы жолмен жүру бүкіл мұқаллафқа жүктелген ортақ жүктеме.

۱۰۴ – وَهُوَ بَيْنَ الْعُلُوِّ وَالْتَفْصِيرِ، وَبَيْنَ التَّشْبِيهِ وَالتَّعْطِيلِ، وَبَيْنَ الْجَبْرِ وَالْقَدَرِ، وَبَيْنَ الْأَمْنِ وَالْإِيَّاسِ

104. Ислам – шектен шығушылық пен нақыстықтан, (иләһи сипаттарды) ұқсату мен жоққа шығарудан, тағдырды мәжбүрлік деп көру мен оны мойындамаудан, Алланың жазасынан қауіпсізбін деп есептеу мен рахымынан түңілушіліктен ада орта жол.

Түсіндірмесі:

Алла Тағаланың діні әртүрі айыптардан, ауытқушылықтардан ада, оңға да, солға да бұра тартпайтын тура жол. Жаратқан иемізді жаратылыстарға ұқсатпаймыз, Оның сипаттарын теріске шығармаймыз. Құдайдың қаһарынан құтылдық деп есептемейміз әрі рахымынан мақұрым қалдық деп түңілмейміз.

۱۰۵ – فَهَذَا دِينُنَا وَأَعْتِقَادُنَا ظَاهِرًا وَبَاطِنًا، وَنَحْنُ بُرَاءٌ إِلَى اللَّهِ تَعَالَى مِنْ كُلِّ مَنْ خَالَفَ الَّذِي ذَكَرْنَاهُ وَبَيَّنَّاهُ، وَنَسْأَلُ اللَّهَ تَعَالَى أَنْ يُثَبِّتَنَا عَلَى الْإِيمَانِ، وَيُخْتِمَ

لَنَا بِهِ، وَيَعْصِمَنَا مِنَ الْأَهْوَاءِ الْمُخْتَلِفَةِ، وَالْآرَاءِ الْمُتَفَرِّقَةِ، وَالْمَذَاهِبِ الرَّدِيَّةِ، مِثْلَ الْمُشَبَّهَةِ، وَالْمُعْتَزَلَةِ، وَالْجَهْمِيَّةِ، وَالْجَبْرِيَّةِ، وَالْقَدَرِيَّةِ، وَغَيْرِهِمْ مِنَ الَّذِينَ خَالَفُوا السُّنَّةَ وَالْجَمَاعَةَ، وَخَالَفُوا الصَّلَاةَ، وَنَحْنُ مِنْهُمْ بُرَاءٌ، وَهُمْ عِنْدَنَا ضَالٌّ وَأَرْدِيَاءٌ،
وَبِاللَّهِ الْعِصْمَةَ وَالتَّوْفِيقَ

105. Міне, осы – біздің дініміз әрі сыртқы және ішкі танымымыз. Біз осы айтып өткен, баяндаған нәрселерге қарсы келетін адамдарға мүлде қатысымыз жоқ екендігімізді білдіріп, Аллаға қайырыламыз. Алла Тағаладан иманымызды берік қылып, сан алуан әуейі қиялдан, түрлі пікірлерден, мушәббиһа, муътазила, жәһмия, жәбриә, қадария және Сүннет пен жамағат жұртына қарсы келіп, адасуға бейім жүретін басқа да теріс ағымдардан аулақ қылуын сұраймыз. Біздің оларға еш қатысымыз жоқ. Біздің пікірімізде олар адасқандар, кері кеткендер. Алладан саулық пен сәттілік тілейміз!

Түсіндірмесі:


Біздің дініміз, ұстанған танымдық жолымыз осы. Аталған ұстанымдарға қарсы шыққандарға еш қатысымыз жоқ. Алла Тағаланың сипаттарын жаратылыстық қасиеттерге ұқсататын мушәббиһа сияқты, сол сипаттарды жоққа шығаратын муътазила сияқты, иләһи сипаттарды терістейтін жәһмия сияқты, пендеде ерік жоқ, ол бәрін істеуге мәжбүр етілген дейтін жәбриә сияқты, пенде өз ісін өзі жаратады дейтін қадария сияқты адасушы топтардан аулақпыз. Алладан тура жолдан айнытпауын тілейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Абдулғани әл-Мәйдани әл-Ғунайми, «Шарх әл-Ақида ат-Тахауия»
Әкмәлуддин әл-Бабарти, «Шарх Ақида әһл әс-Сунна уәл-жамаға»
Исмаил ибн Ибраһим әш-Шейбани, «Шарх әл-Ақида ат-Тахауия»
Сиражуддин Әбу Хафс әл-Ғазнауи әл-Һинди, «Шарх әл-Ақида әл-имам ат-Тахауи»
Хасан ибн Әли ас-Саққаф, «Сахих Шарх әл-Ақида ат-Тахауия»

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Тахауи туралы.....	6
«Тахауи ақидасы» кітабы туралы.....	8
«Тахауи ақидасының» мәтіні мен түсіндірмелері.....	10
Исра мен Миғраж мұғжизасы жайлы.....	40
Пайдаланылған әдебиет.....	94



Ержан қажы Малғажыұлы

ТАНЫМ ТҰҒЫРЫ

(«Тахауи ақидасына» түсініктемелер негізінде)

Редакторы: Сәбит Ибадуллаев

Дизайн, Тех.редакторы: Абзал Жауһаров

Басуға 17.01.2014 жылы қол қойылды.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.

Пішімі 84/108/ 1/16. Баспа табағы 6.

Таралымы 10000. Тапсырыс № 1

**«Bainur print» ЖШС баспаханасында
басылды.**